**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 438 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 желтоқсанда № 31259 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 13 мамырдағы № 91-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 13.05.2025 № 91-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту және агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамына, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органына жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы* | *Б. Бекбауов* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2022 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 438 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10087 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

9), 10) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – " электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

10) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – СМАЖ веб порталы) – субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

11) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және СМАЖ-да көрсетілген өзге де мәліметтер;";

12, 13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті беруші жыл сайын тиісті жылдың бірінші сәуіріне дейін СМАЖ-дың веб-порталында және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдігінің интернет-ресурсында субсидиялар алуға арналған өтінімдерді қабылдаудың мерзімдері туралы, белгіленген субсидиялар нормативтері туралы хабарландыру жариялауды қамтамасыз етеді.

13. Көрсетілетін қызметті беруші субсидияларға арналған жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспары (бұдан әрі – қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны СМАЖ-дың веб-порталында орналастырады .

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші бөлінген бюджет қаражатын өнімдер тізбесінде көрсетілген субсидияланатын өнімдер бойынша бөледі және СМАЖ-дың веб-порталына орналастырады.

Өнімдер тізбесінде көрсетілген субсидияланатын өнімдердің бірі бойынша өтінім болмаған жағдайда, бюджет қаражатын өнімдер тізбесінде көрсетілген өнімдер арасында бір жыл ішінде қайта бөлуге жол беріледі.

14. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) өңдеуші кәсіпорындардың осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға арналған өтінімді "электрондық үкіметтің " веб-порталы арқылы электрондық түрде беруі.

"Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшада жазылған.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен СМАЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) өңдеуші кәсіпорын берген және ЭЦҚ қойылған өтінімнің СМАЖ-да тіркелуі;

3) СМАЖ бен электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде өңдеуші кәсіпорынның ауыл шаруашылығы өнімін сатып алғанының расталуы (ауыл шаруашылығы өнімін жеткізушінің алдыңғы жылдың төртінші тоқсанынан ерте емес шығарып берілген тиісті электрондық шот-фактурасының болуы).

Өңдеуші кәсіпорын бидайды ЭШФ АЖ-ны қолданбайтын сатушыдан сатып алған кезде Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын елдерден ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациямен расталады.

Өңдеуші кәсіпорын бидайды ЭШФ АЖ-ны қолданбайтын сатушыдан сатып алған кезде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуға жұмсалған шығындар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық органы белгі қойған тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен ( өтініштермен), ауыл шаруашылығы өнімі еркін кедендік аймақтың немесе Қазақстан Республикасы аумағындағы еркін қойманың кедендік рәсіміне орналастырылған кезде кедендік декларацияның Қазақстан Республикасының кедендік органы куәландырылған көшірмесімен расталады.

15. Субсидиялар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. СМАЖ веб-порталы (бұдан әрі – Жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) өңдеуші кәсіпорын СМАЖ-да өз бетінше тіркелу үшін ЭЦҚ алады;

2) көрсетілетін қызметті беруші жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімдерін жібереді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Өтінімді қалыптастыру мен тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) СМАЖ-дың осы Қағидалардың 14-тармағы 3) тармақшасының талаптарын тексеруі үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім өңдеуші кәсіпорын ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, оған қол қоюы арқылы СМАЖ-да тіркеледі және көрсетілетін қызметті берушінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Көрсетілетін қызметті берушінің электрондық мекенжайына өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.

Өңдеуші кәсіпорын көрсетілетін қызметті беруші төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімдегі деректердің сәйкессіздігін анықтаған жағдайда, өңдеуші кәсіпорын қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес өтінім қабылданғанын растағаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем шотын қалыптастырады.

Тиісті қаржы жылына арналған қаржыландыру жоспарына сәйкес субсидияға көзделген қаражат жетіспеген кезде өтінімдер резервке (күту парағына) келіп түседі.

Резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу ағымдағы қаржы жылында не келесі қаржы жылдарында қосымша бюджет қаражатын бөлу кезінде өтінімдер келіп түскен күн мен уақытқа сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады.

Субсидиялар нормативтері мен субсидияларды есептеу тәртібі өзгерген жағдайда резервке (күту парағына) енгізілген өтінімдер бойынша субсидиялар

төлеу субсидиялар нормативтеріне және өтінімдерді беру сәтінде қолданыста болған субсидияларды есептеу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Өтінімді резервке (күту парағына) қосу туралы ақпарат СМАЖ-да көрсетіледі . Өтінімнің резервте (күту парағында) болу кезеңі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне қосылмайды.

Өтінім берілген субсидия көлемдері тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша жергілікті бюджетте көзделген сомадан асқан жағдайда, жергілікті бюджеттен қосымша қаражат Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу жолымен бөлінеді.".

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім – кепілдендіру бойынша субсидия алуға өтінім бергенге дейін кепілгердің субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде субсидия сомасын резервке қоюға арналған электрондық өтінімі.";

17) тармақша алып тасталсын;

"20), 21) және 22) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"20) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – " электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

21) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – СМАЖ веб-портал) – Интернет желісінде орналастырылған, СМАЖ-ға қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

22) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидия алуға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, кредиторлар туралы мәліметтер жиынтығы және СМАЖ-да көрсетілген өзге де мәліметтер;";

15, 16, 17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Кепілдендіру бойынша субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) кепілгер кепілдік шарты жасалғаннан кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді " электрондық үкімет" веб-порталының СМАЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электронды түрде беруі;

2) СМАЖ-да кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді тіркеуі;

3) СМАЖ-да деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған кепілгерде жеке шотының болуы;

16. Сақтандыру бойынша субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) сақтандыру ұйымының осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді "электрондық үкімет" веб-порталының СМАЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электронды түрде беруі;

2) сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді СМАЖ-да тіркеуі;

3) СМАЖ-да деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған қарыз алушыда және сақтандыру ұйымында жеке шоттарының болуы;

4) веб-порталда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру шеңберіндегі қолданыстағы (бұзылмаған және тоқтатылмаған) субсидиялау шартын сақтандыру бойынша субсидиялауға берілген өтінімнің болуы;

17. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 6-қосымшада жазылған.

Веб-портал мен СМАЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Субсидиялар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін

қызметті беруші) туындаған жағдай туралы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігін (бұдан әрі – Министрлік) дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) субсидия алу сатысы туралы деректерді Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

19. Веб-портал (бұдан әрі – жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) кепілгер СМАЖ-да өз бетінше тіркеу үшін ЭЦҚ алады;

2) кепілгер жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар өзектендірілген жұмыскерлердің тізімін жолдайды.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) жыл сайын 20 қаңтарға дейін Министрлікке ЭЦҚ-сы бар өзектендірілген жұмыскерлердің тізімін жолдайды.".

21, 22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді қалыптастыру және тіркеу жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) банкке кредит алуға өтінім келіп түскен кезде (кепілгерге кепілдік беру өтінімімен одан әрі жүгіну ниетімен) банк кепілдендіру бойынша субсидия алуға алдын ала өтінім қалыптастырылатын кепілгерге хабарлайды;

2) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім кепілгердің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қоюы арқылы СМАЖ-да тіркеледі және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімнің қарауға түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.

Кепілдік шартын жасасқаннан кейін кепілгер кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімді қайтарып алады және кепілдендіру бойынша субсидия алуға өтінім береді;

22. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді қалыптастыру және тіркеу жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) СМАЖ тексеру үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім қалыптастырылады;

2) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім кепілгердің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, қол қоюы арқылы СМАЖ-да тіркеледі және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі;

23. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ қою арқылы оның қабылдағанын растайды. Субсидиялауға арналған өтінімді растау туралы хабарлама электрондық құжат түрінде СМАЖ-да кепілгердің жеке кабинетіне жіберіледі.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) төлем шоттарын қалыптастыру кезінде кепілдік беру бойынша субсидия алуға тіркелген өтінімде деректердің сәйкессіздігінің болуы анықталды, кепілгер кері қайтарып алу себебін көрсете отырып, кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді кері қайтарып алады.

24. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы кепілдендіру бойынша субсидиялауға өтінім берген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оның осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және тексеру қорытындылары бойынша Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін кепілдендіру бойынша субсидияны төлеуге арналған төлем шотын қалыптастырады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияны аудару туралы хабарламаны (бұдан әрі – субсидияны аудару туралы хабарлама) не Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама) дайындайды.

Субсидияны аудару туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМАЖ-да тіркеу кезінде кепілгер көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ кепілгердің СМАЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.".

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. СМАЖ-да жеке шот ашу үшін қарыз алушыда және сақтандыру ұйымында ЭЦҚ болуы тиіс.

Қарыз алушы және сақтандыру ұйымы жеке шоттар ашқан кезде тіркелу үшін мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар және бірлескен кәсіпкерлік нысанындағы дара кәсіпкерлер үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі, толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және жеке сәйкестендіру нөмірі;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почта мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, қарыз алушы және сақтандыру ұйымы 1 (бір) жұмыс күні ішінде жеке кабинетке енгізілген жеке шот деректерін өзгертеді.".

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы ұсынысты алған күннен бастап 2 ( екі) жұмыс күні ішінде веб-порталда мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:

1) ұсынысты СМАЖ-да тіркеу;

2) ұсыныстың осы Қағидаларда белгіленген субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеруді, оның ішінде сақтандыру шарты талаптарының осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес белгіленген сақтандыру шарттарына қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру."

3) ұсыныс бойынша шешімді қабылдау мен ресімдеу."

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Ұсыныс бойынша шешімге ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-сы қойылады.

Ұсыныс бойынша шешім қарыз алушының және сақтандыру ұйымының СМАЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.";

38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді сақтандыру ұйымы тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап береді.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Субсидиялауға

арналған өтінімді растау туралы хабарлама электрондық құжат нысанында сақтандыру ұйымының жеке кабинетіне СМАЖ-ға жіберіледі.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) төлем шоттарын қалыптастыру кезінде сақтандыру бойынша субсидиялауға тіркелген өтінімде деректердің сәйкессіздігінің болуы анықталса, сақтандыру ұйымы кері қайтарып алу себебін көрсете отырып, сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді кері қайтарып алады.

39. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінім берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оның осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және тексеру қорытындылары бойынша Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да сақтандыру сыйлықақысы бойынша субсидияны сақтандыру ұйымының банктік шотына аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын қалыптастырады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерізім ішінде субсидияны аудару туралы хабарламаны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны дайындайды.

Субсидияны аудару туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМАЖ-да тіркеу кезінде сақтандыру ұйымы көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ кепілгердің СМАЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.";

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Сақтандыру ұйымы субсидиялау шартын өзгерту/бұзу үшін негіз болып табылатын оқиға туындаған кезде СМАЖ-да ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ны (көрсетілетін қызметті берушіні) осындай оқиға туралы 3 (үш ) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

42. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) сақтандыру ұйымынан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялау шартын өзгертуге/бұзуға шешім қабылдайды және ресімдейді және бұл туралы қабылданған шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, қарыз алушыны және сақтандыру ұйымын СМАЖ-да хабардар етеді.".

3. "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12714 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

2) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8 субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

9) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб–портал) – Интернет желісінде орналасқан, субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;"

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер, қаржы институттары туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді).

Су берушіден суаратын су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алған және оларға ақы төлеу шығынын шеккен АШТӨ субсидия алушылар болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою жөніндегі жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша портал арқылы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға өтінім беруі.

"Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Портал мен веб-порталдың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді;

2) өтінімді СМАЖ-да тіркеу.

Веб-порталда жеке шоттың болуы АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) СМАЖ-да өтінімді тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінімді беру талап етілмейді және ол мұндай тіркелген сәттен бастап берілген болып саналады;

3) деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған СМАЖ-да АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) жеке шотының болуы;

4) СМАЖ бен электрондық шот-фактураларды қабылдау мен өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде суаратын суды беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалған шығындардың расталуы (су берушінің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) СМАЖ-да АШТӨ-ге (көрсетілетін қызметті алушыларға) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі жер учаскелерінің бүкіл егістік алаңына арналған танаптардың электрондық карталарын тіркеу.".

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Веб-портал (бұдан әрі – "жеке кабинет") арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) СМАЖ-да өз бетінше тіркелуі үшін ЭЦҚ-сы болуы тиіс;

Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар өз жұмыскерлерінің өзектендірілген тізімін жолдайды.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) өтінімді қалыптастыруы мен тіркеуі жеке кабинетте АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушылардың) тұрғылықты жері бойынша Басқарманың (көрсетілетін қызметті берушінің) атына мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 9-тармағы талаптарын СМАЖ тексеруі үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушының) ЭЦҚ-сын қою арқылы СМАЖ-да тіркеледі және Басқарманың (көрсетілетін қызметті берушінің ) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Веб-порталда көрсетілген Басқарманың ( көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына өтінімнің қарауға түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Басқарманың (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты қызметкері Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес өтінімнің қабылданғанын растағаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде веб-порталда "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесінде жүктелетін, субсидия төлеуге арналған төлем шотын қалыптастырады.

Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия беру туралы хабарлама не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі болып табылады.

Тиісті айға арналған қаржыландыру жоспарына сәйкес су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға көзделген қаражат жетіспеген кезде өтінім резервке (күту парағына) келіп түседі.

Өтінімді резервке (күту парағына) енгізу туралы ақпарат СМАЖ-да көрсетіледі. Өтінімнің резервте (күту парағында) болу кезеңі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне қосылмайды.

Резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу келесі айда өтінімдер келіп түскен күні мен уақытқа сәйкес не ағымдағы қаржы жылында не келесі қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде кезектілік бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі СМАЖ-да тіркелген кезде АШТӨ ( көрсетілетін қызметті алушы) көрсеткен электрондық почта мекенжайына және АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушының) СМАЖ-дағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 18-1-тармақпен толықтырылсын:

"18-1. Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.";

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Басқарманың ( көрсетілетін қызметті берушінің) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Басқарма басшысының (көрсетілетін қызметті берушінің) атына, мемлекеттік

қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Шағымды Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда жібермейді.

22. АШТӨ-нің (көрсетілетін қызметті алушының) шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес қаралуға тиіс:

Басқарма (көрсетілетін қызметті беруші) – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес Басқарманың (көрсетілетін қызметті берушінің), мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) шағым берген АШТӨ-ні (көрсетілетін қызметті алушыға) ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша алып тасталсын.

4. "Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 1-1/1069 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12677 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын.

4), 5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

5) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – " электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

6) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы – Интернет желісінде орналастырылған, СМАЖ-ға қолжетімділік беретін интернет-ресурс.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге тексеру одақтарының шығындарын субсидиялау жөніндегі жеке айлық қаржыландыру жоспары (бұдан әрі – Қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталында орналастырады.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Субсидияларды алу шарттары:

1) "PDF (Portable Document Format)" электронды форматындағы ішкі аудит қорытындысын (қол қойылған және тексеру одағының мөрімен расталған қағаз

нұсқаның сканерленген көшірмесі) қоса бере отырып, "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім (бұдан әрі – өтінім) беру.

"Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Жергілікті атқарушы орган Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне субсидиялар алу сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен СМАЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) СМАЖ-да өтінімнің тіркелуі;

3) СМАЖ-да жеке шоттың болуы тексеру одағына өтінімді СМАЖ-да тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға мүнкіндік береді, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді және ол тіркелген сәтінен бастап берілген болып есептеледі;

4) СМАЖ бен электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ішкі аудит жүргізу бойынша қызмет көрсету фактісінің расталуы (тексеру одағының тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) өзіне (өздеріне) қатысты өтінім берілген ауыл шаруашылығы кооперативінің (-терінің) ішкі аудитін жүргізуге ағымдағы жылы субсидиялар төлеудің болмауы.

6. Субсидиялар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, жергілікті атқарушы орган туындаған жағдай туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігін (бұдан әрі – Министрлік) дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – Жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қолжетімділікті беру үшін:

1) тексеру одағында СМАЖ-да өз бетінше тіркелу үшін ЭЦҚ-ы болады;

2) жергілікті атқарушы орган жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.".

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтінімді қалыптастыру мен тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) СМАЖ осы Қағидалардың 5-тармағы 4) тармақшасының талаптарын тексеруі үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім тексеру одағының ЭЦҚ-сын қою жолымен СМАЖ-да тіркеледі және жергілікті атқарушы органның Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайына өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.

Тексеру одағы жергілікті атқарушы орган төлем шотын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде деректердің сәйкессіздігін анықтаған жағдайда, тексеру одағы қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алады";

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жергілікті атқарушы орган басшысының, уәкілетті органның атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда, жергілікті атқарушы орган оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Шағымды жергілікті атқарушы орган шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда жібермейді.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 205 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 13876 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеке шот – субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде ашылатын , пайдаланушыны тану (аутентификациялау) және оның жеке деректері мен баптауларына қолжетімділік беру үшін қажетті, тізілімде тіркелген пайдаланушы туралы ақпаратты көрсететін шот;";

3) және 9) тармақшалар алып тасталсын;

19), 20) және 21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"19) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар ( көрсетілетін қызметті алушылар), қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

20) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – субсидиялау шарттарын өзгертуге арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

21) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналасқан, СМАЖ-ға қолжетімділік беретін интернет-ресурс;";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) қаржы институтының/қаржы агентінің осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы беруі.

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік қызметін стандартында жазылғанингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне субсидияларды алу сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен СМАЖ-дың өзара іс-қимылы " Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялауға арналған өтінімнің СМАЖ-да тіркелуі;

3) деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған қаржы институтында/қаржы агентінде жеке шоттарының СМАЖ-да болуы;

4) берілген субсидиялауға арналған өтінім бойынша АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру кезінде қолданыстағы (бұзылмаған және тоқтатылмаған) пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау шартының болуы;

5) қарыз алушыда (көрсетілетін қызметті алушыда) субсидияланатын қарыз шарты бойынша негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша мерзімі өтіп кеткен (төлемге арналған өтінім беру сәтінде) міндеттемелердің болмауы.".

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. СМАЖ-да жеке шот ашу үшін:

1) қаржы институтының/қаржы агентінің СМАЖ-да өз бетінше тіркелуі үшін ЭЦҚ-сы болады;

2) жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші), қаржы институты/қаржы агенті жыл сайын ҚазақстаноРеспубликасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.".

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Субсидиялауға арналған өтінімді қалыптастыру мен тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) СМАЖ тексеру үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, субсидиялауға арналған өтінім қалыптастырылады;

2) субсидиялауға арналған өтінім қаржы институтының/қаржы агентінің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қоюы арқылы СМАЖ-да тіркеледі және жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына субсидиялауға арналған өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі;

3) СМАЖ-да қаржы институтының/қаржы агентінің Жеке кабинетінде мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.";

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы субсидиялауға арналған өтінімді тіркеген сәттен бастап (1) бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды. Осы хабарлама өз бетінше тіркелген жағдайда, СМАЖ-да қаржы институтының/қаржы агентінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

27. Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес субсидиялауға арналған өтінім берілген күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да жұмыс органы басшысының (көрсетілетін қызметті берушінің) ЭЦП-сы қойылатын, "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем тапсырмаларын қалыптастырады.

Субсидиялар көлемі Қаржыландыру жоспарында тиісті айға көзделген бюджет қаражатының көлемінен асатын субсидиялауға арналған өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу субсидиялауға арналған өтінім берілген сәттен бастап кезектілік тәртібімен келесі айда жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

"27-1. Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.";

33, 34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша төлем күні келген және қаржы институтының арнайы банктік шотында сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қаражат болмаған жағдайда, қарыз алушы (көрсетілетін қызметті алушы) сыйақының толық мөлшерлемесін төлеуді өз қаражаты есебінен жүзеге асырады. Қаржы институты төлем күні болғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын СМАЖ-да қарыз алушыны (көрсетілетін қызметті алушыны) сыйақының толық мөлшерлемесін өз қаражаты есебінен төлеу қажеттігі туралы хабардар етеді. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражат аудару арқылы өтейді. Мұндай жағдайда қаржы институты қарыз алушының ( көрсетілетін қызметті алушының) есептік шотына субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесін аудару арқылы қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) бұрын төленген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтеуді жүзеге асырады.

34. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) ай сайын СМАЖ-да жасалған субсидиялау шарттарына сәйкес жиынтық соманы қалыптастырады

және субсидияларды кезекті төлеу жүзеге асырылатын айдың алдындағы айда пайыздық мөлшерлеменің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына ай сайын аванстық төлеммен аударады.

35. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) СМАЖ-да қаржы институтынан қолданыстағы субсидиялау шартының талаптарын өзгерту туралы хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) субсидиялау шартының өзгертілген талаптарының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

2) ұсынылатын өзгерістер осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келген жағдайда жұмыс органы басшысының (көрсетілетін қызметті берушінің) ЭЦҚ-сын қою арқылы субсидиялау шартына өзгеріс енгізу жөнінде шешім қабылдайды және ресімдейді және бұл туралы қарыз алушыны (көрсетілетін қызметті алушыны) 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік және лизингтік шарттар бойынша талаптар өзгертілген жағдайда, қаржы институты ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) келісімін алады .";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік және лизингтік шарттар бойынша талаптарды (сыйақы мөлшерлемесі, төлеу мерзімі, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге қалдыруды ұсыну) жылына бір рет қана өзгертуге болады. Бұл ретте, қайта құрылымдалған/ қайта қаржыландырылған кредиттік және лизингтік шарттардың қолданыс мерзімдері өзгертілген (ұзартылған) жағдайда, субсидиялау мерзімдері ұзартылмайды, сондай-ақ сыйақыны негізгі борышқа капиталдандыруға жол берілмейді.

Қаржы институты/қаржы агенті СМАЖ-да қабылданған қаржыландыру шарттарын өзгерту жөніндегі шешімнің көшірмесін, негізгі борышты, сыйақыны және субсидиялар көлемін өтеудің жаңартылған графигін қоса бере отырып, бұл туралы жұмыс органын (көрсетілетін қызметті берушіні) хабардар етеді.".

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Қаржы институты қолданыстағы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттың талаптарын (пайыздық мөлшерлеме, сыйақыны төлеу мерзімі, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге қалдыруды ұсыну) өзгерткен жағдайда, қаржы институты күнтізбелік 10 (он) күн ішінде СМАЖ-да жұмыс органына (көрсетілетін қызметті

берушіге) беру үшін қаржыландыру шарттарын өзгерту жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін, негізгі борышты және сыйақыны өтеудің жаңартылған графигін қамтитын құжаттар топтамасымен бірге хабарлама жолдайды.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Қаржы институты қолданыстағы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/кредиторлық/лизингтік шарттың талаптарын (негізгі борыштың барлық сомасын немесе оның бір бөлігін төлеу бойынша кейінге қалдыруды ұсыну) өзгертуді жоспарлаған жағдайда, ол 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы қаржы агентіне жазбаша хабарлайды.

Қаржы агенті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы институтына негізгі борышты немесе оның бір бөлігін өтеу графигін өзгертуге келісу немесе келіспеу туралы хат жолдайды.

Қаржы институты қаржы агенті хатының негізінде мынадай іс-шаралардың бірін жүргізеді:

1) қаржы агенті негізгі борыштың барлық сомасын немесе оның бір бөлігін өтеу графигін өзгертуге келісім берген жағдайда, СМАЖ-да жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысына қабылданған қаржыландырудың шарттарын өзгерту жөніндегі шешімнің көшірмесін, негізгі борышты өтеудің жаңартылған графигін және қаржы агентінің хатын қамтитын құжаттар топтамасымен бірге хабарлама жолдайды;

2) қаржы агенті негізгі борышты немесе оның бір бөлігін өтеу графигін өзгертуге келісім бермеген жағдайда, СМАЖ-да қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) қорландыру қаражатын қатыстырмай қаржылық сауықтыру шараларын әрі қарай қолдану мүмкіндігін қарастыруға қатысты құжаттар топтамасымен бірге жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) хабарлама жолдайды.";

44 және 45-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Қаржы институты/қаржы агенті субсидиялау шартын жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) біржақты бұзуы үшін негіз болып табылатын оқиғаның болғаны туралы оған белгілі болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде СМАЖ-да жұмыс органын (көрсетілетін қызметті берушіні) осындай оқиға туралы хабардар етуі қажет.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) қаржы институтынан/қаржы агентінен хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялау шартын тоқтатуға шешім қабылдайды және оны ресімдейді және бұл туралы қаржы институтын/қаржы агентін хабардар етеді.

Қаржы институты/қаржы агенті жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) тиісті шешімі туралы хабарлама алған күннен бастап субсидиялау шарты бұзылды деп есептеледі.

45. Қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында субсидиялар беру нәтижесі туралы хабарлама жолданады.

Хабарлама қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) СМАЖ-да тіркелген кезде көрсеткен электрондық почтасының мекенжайына, сондай-ақ СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жолданады.";

47 және 48-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) Министрлікке туындаған жағдай туралы дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.

48. Субсидиялар алу мәселелері бойынша жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күннен бастап 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Шағымды жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда жібермейді.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналастырылған, субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;";

17) және 19) тармақшалар алып тасталсын;

21), 22) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"21) өтінім – осы Қағидаларға 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша инвесторлардың (көрсетілетін қызметті алушылардың) инвестициялық салымдар кезінде инвестициялық субсидиялар алуына арналған электрондық өтінімі;

"22) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

23) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) жыл сайын тиісті жылғы 1 ақпанға дейін жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің), жергілікті атқарушы органдардың (оның ішінде аудандық/қалалық) қызметкерлері және қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын басқа да ұйымдардың қызметкерлері қатарынан мамандар тобын (бұдан әрі – мамандар тобы) құрады және СМАЖ-да тіркейді.

Мамандар тобы № 1 (жайылымдарға арналған қоршаулардан (электрлі шопан генераторы, төмендеткіш трансформатор, оқшаулағыштар, кемінде 2 қатар сым) басқа) және № 1.1 жобалар паспорттарын қоспағанда, барлық жобалардың паспорттары бойынша жобалардың паспорттарында көзделген шарттарға сәйкестігіне құжаттарды тексеруді, инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) объектісін, сатып алынған жабдықты қарап-тексеруді міндетті түрде растайтын фото және бейнематериалдарды қоса отырып, жүзеге асырады,

сондай-ақ өндірістік қуаттылықтар жүктемесіне қол жеткізуді тексереді, осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес инвестициялық субсидиялар есептемесін жүргізеді.

Әрбір объектіге жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) айқындайтын кемінде 2 (екі) маман жіберіледі.

Қарап-тексеру инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) немесе оның сенім білдірген адамының қатысуымен жүзеге асырылады және оның нәтижесі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестордың объектісін қарап-тексеру және өндірістік қуаттылықтардың жүктемелеріне қол жеткізілгеніне куәлік ету актісімен (бұдан әрі – қарап-тексеру актісі) ресімделеді.

Егер, инвестициялық жобада техника сатып алу ғана көзделсе, онда мамандар тобының инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) объектісін қарап-тексеруі талап етілмейді.";

10, 11, 12 және 13-тармақтартар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Инвестициялық субсидиялау осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген жобалардың паспорттары бойынша жүзеге асырылады және инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша жүргізіледі.

"Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшада жазылған (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі).

11. Инвестициялық субсидиялар пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша электрондық өтінім берілген жылға дейін екі жылдан ерте емес беріледі. Жаңа, бұрын пайдаланылмаған техника, машиналар немесе жабдықтар субсидиялауға жатады:

1) инвестициялық жоба пайдалануға берілген күнге дейін 24 (жиырма төрт) айдан ерте емес сатып алынған;

2) шығарылған жылы инвестициялық жоба пайдалануға берілген күнге дейін 36 (отыз алты) айдан ерте емес.

"Аквапоникалық жылыжай кешенін салу және кеңейту" № 12.1 жобасының паспорты бойынша инвестициялық субсидиялар пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша электрондық өтінім берілген жылға дейін үш жылдан ерте емес беріледі.

12. Егер жобалар паспорттары бойынша тек техника, машиналар және/немесе жабдықтар сатып алу болжанатын болса, онда өтінім берілетін жылға дейін 3 (үш ) жылдан ерте емес сатып алынған техника, машиналар және (немесе) жабдықтар субсидиялауға жатады.

№ 1 және № 1.1 жобалар паспорттарында көрсетілген техника, машиналар және жабдықтарды субсидиялау техника мен машиналар модельдерінің, сондай-ақ оларды өндірушілердің және ресми дилерлер тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес жүзеге асырылады. Тізбені индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей келесі жылға және тиісті жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей ұсынады. Әкімші тізбені алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде СМАЖ-да орналастырады.

Бұл ретте, Тізбеде техника мен машиналардың ұсынылған моделдері болмаған жағдайда, субсидиялау № 1 жобаның паспорты бойынша жүзеге асырылады.

13. № 1 жобалардың паспорттары үшін (ең төменгі норматив болған жағдайда ), № 4, № 6, № 34 инвесторда (көрсетілетін қызметті алушыда) ГАЖ және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасының ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталатын шартты ірі қара малдың тиісті санының болуы қажет.

Өтінім ауыл шаруашылығы кооперативінен берілген жағдайда, ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелерінде тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының жиынтық саны ескеріледі.

Жобалар паспорттарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын ірі қара малдың шартты басына ауыстыру коэффициенттері осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.";

24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Инвестициялық субсидиялауға өтінім беру "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады және СМАЖ-да тіркеледі.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен СМАЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Инвесторда (көрсетілетін қызметті алушыда) СМАЖ-да жеке шотының бар болуы СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталады.

25. Бірінші кезең бойынша жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) шешімін алу үшін инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы инвестициялық субсидиялауға арналған бірінші кезеңнің электрондық өтінімін береді, оған инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) ЭЦҚ-сы қойылып, өтінімде көрсетілген қажетті құжаттар "PDF ( Portable Document Format)" форматында (инвестор (көрсетілетін қызметті алушы)

қол қойған және мөрімен (бар болса) растаған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) қоса беріледі.

Бұл ретте, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) өтінім тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде инвестициялық жобаның осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес келмеуі туралы шешім қабылдайды.

Инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес инвестициялық жобаның сәйкестігі/сәйкес келмеуі туралы шешімі туралы және жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жоба паспорты бойынша инвестициялық субсидияларды төлеу /төлеуден бас тарту туралы шешімі туралы хабарлама жолданады.

Хабарлама инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) СМАЖ-да тіркелген кезде көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ СМАЖ-дағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) техниканы және/немесе автомобильдерді сатып алғанын растау СМАЖ-дың ауыл шаруашылығы техникасының мемлекеттік тізілімімен және/немесе "Автомобиль" дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Субсидия беруден бас тарту мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Инвестициялық субсидияларды беруден бас тарту туралы шешімді жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) СМАЖ-да мамандар тобының қарап-тексеру актісінің негізінде немесе инвестициялық жобаның және/немесе ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған кезде қабылдайды.";

мынадай мазмұндағы 31-1-тармақпен толықтырылсын:

"31-1. Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР АППК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.";

32 және 32-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Өтінімді қарау нәтижелері туралы мәліметтер инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіне" жіберіледі және веб-порталда көрсетіледі .

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) оң шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) мен инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) арасында СМАЖ арқылы электрондық нысанда осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялау шарты және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын техниканы, машиналар мен жабдықтарды мақсатты пайдалану және иеліктен шығармау туралы келісім жасалады.

Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы әкімшіні дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін әкімші 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблемалар туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.

32-1. Жасалған инвестициялық субсидиялау шарттары резервке (күту парағына) енгізіледі.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестициялық субсидиялау шарттарын өтінімдердің келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік бойынша резервке (күту парағына) енгізеді.

Инвестициялық субсидиялау шартын резервке (күту парағына) енгізу туралы ақпарат СМАЖ-да көрсетіледі.

Резервке (күту парағына) келіп түскен инвестициялық субсидиялау шарттары бойынша субсидияларды төлеу ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде инвестициялық субсидиялау шартының резервке (күту парағына) келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады. Ағымдағы қаржы жылында резервке (күту парағына) келіп түскен инвестициялық субсидиялау шарттары бойынша қосымша бюджет қаражаты болмаған жағдайда, субсидияларды төлеу келесі қаржы жылында жүзеге асырылады.";

4-тарау алып тасталсын.

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Арнайы шотқа инвестициялық субсидиялар алу үшін инвестор ( көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық өтінім береді және қаржы институты растаған қаржы институтының кредиттік комитетінің оң шешімінің көшірмесін қосымша бекітеді .

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) өтінімін мақұлдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші), қаржы институты және инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) арасында осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы шотта үшжақты шарт және қаржы институтының арнайы шоттағы инвестициялық субсидияларды пайдаланбауы туралы келісім жасалады.

Бұл ретте қаржы институты арнайы шотқа алынған инвестициялық субсидиялар қаражатын осы Қағидалардың 41 немесе 42-тармақтарында көрсетілген шарттар уақтылы орындалғанға дейін пайдаланбайды.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Инвестициялық субсидиялау мониторингін жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) СМАЖ-да мынадай өлшемшарттар бойынша және мынадай мерзімдерде жүзеге асырады:

1) субсидиялау сәтінен бастап 3 (үш) жыл ішінде инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) сатып алынған техниканы, машиналар мен жабдықтарды иеліктен шығармауы және мақсатты пайдалануы;

2) жобалар паспорттары тізбесінің № 7, № 8 (сүт өңдеу зауыты бойынша), № 10, № 19, № 25, № 26, № 27, № 28, № 29, № 30 жобаларының паспорттары бойынша инвестициялық субсидиялау объектісінің пайдалануға берілген сәттен бастап күнтізбелік 1 (бір) жыл ішінде жұмыс істеуі/істемеуі, инвестициялық субсидиялау объектісінің бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде жалпы жобалық қуаттың кемінде 30 (отыз) % мөлшерінде жобалық қуатқа шығуға қол жеткізуі/қол жеткізбеуі тұрғысынан;

3) осы Қағидалардың 4-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарын субсидиялау жүзеге асырылған инвестициялық жобалардың бизнес-жоспарына сәйкес өндіргіштігі және/немесе өнімділігі және/немесе өнімді өткізу және/немесе өндірістік қуаттылықтар жүктемесі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізуді орындау тұрғысынан;

4) субсидияларды аванстық төлеммен арнайы шотқа аудару жөніндегі тетік шеңберінде субсидияланған объектілерді пайдалануға беру (бизнес-жоспарда көрсетілген мерзімдерде), жұмыс істеуі/істемеуі иеліктен шығармауы, мақсатты пайдалануы тұрғысынан.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. СМАЖ-да қалыптастырылған мониторинг деректері негізіндегі талдауды жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) тексереді және келіседі.

Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) ол бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын субсидиялау жүзеге асырылған инвестициялық жобаның бизнес-жоспарына сәйкес өндіргіштік және/немесе өнімділік және/немесе өнімді

өткізу және/немесе өндірістік қуаттылықтар жүктемесі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізбеген жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) факт анықталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы тармақта көзделген іс-қимылдарды қабылдайды. Бұл ретте, төленген субсидияларды қайтармау туралы шешім инвестор (көрсетілетін қызметте алушы) болжай алмайтын және алдын ала алмайтын еңсерілмейтін күштің мән-жайлары салдарларынан болатын объективті факторлар негізінде қабылданады.

Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) сатып алынған техниканы, машиналарды және/немесе жабдықтарды иеліктен шығарған және/немесе мақсатты пайдаланбаған, өндіріс объектісі пайдалануға берілген сәттен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде жұмыс істемеген немесе объект бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде кемінде 30 (отыз) % мөлшерінде жобалық қуатқа шықпаған, сондай-ақ, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық, инвестордың ( көрсетілетін қызметті алушының) қызметін тоқтата тұру рәсімінің фактісі анықталған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестициялық субсидияларды қайтару туралы шешім қабылданған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қаражаттың қайтарылуы бойынша сот талқылауына бастамашылық жасайды.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестициялық субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің себебін көрсете отырып, инвесторды ( көрсетілетін қызметті алушыны) жазбаша хабардар етеді.

Бұл ретте, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) ағымдағы қаржы жылында жүргізілген төлемдерді қайтаруды орындалмаған міндеттемелер сомасын ұлғайту және бюджеттік шығыстар сыныптаушының тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен жұмыс органының ( көрсетілетін қызметті берушінің) кассалық шығыстарын қалпына келтірумен жүзеге асырады. Өткен жылдардың төлемдерін қайтарған жағдайда, қайтарылған сома төлем жүргізілген тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.";

52, 53, 54 және 55-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жұмыс органының ( көрсетілетін қызметті берушінің) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының, облыстың,

республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күннен бастап 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Шағымды жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда жібермейді.

53. Инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес қаралуға тиіс:

1) жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші), жергілікті атқарушы орган – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

54. Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің), жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) шағым берген АШТӨ-ні (көрсетілетін қызметті алушыға) ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабарлайды.

55. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып

алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17741 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында:

3-тармақта:

6) тармақша алып тасталсын.

12), 13) және 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"12) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі – субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар ( көрсетілетін қызметті алушылар), қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

13) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – " электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

14) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналасқан, субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы Қағидалар күшіне енгенге дейін жасалған субсидиялау шарты осы Қағидалардың 5-тармағының екінші бөлігінде, 9-тармағының төртінші бөлігінде және 12-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, субсидиялау шартында көрсетілген шарттарда субсидиялауды жалғастыра береді .

Қағаз түріндегі субсидиялау шарттарын электрондық форматқа ауыстыруды және оларды СМАЖ-да тіркеуді қаржы институты жүзеге асырады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) қаржы институтының осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға өтінім беруі.

Субсидиялау шарты электрондық түрде жасалған жағдайда, қаржы институты субсидиялауға арналған өтінімді электрондық түрде береді.

Егер субсидиялау шарты қағаз түрінде жасалған және электрондық форматқа көшірілмеген жағдайда, қаржы институты субсидиялауға арналған өтінімді қағаз түрінде береді;

2) берілген өтінім бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған нақты (бұзылмаған және тоқтатылмаған) сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартының (төлемге өтінім берген сәтте) болуы;

3) қарыз алушыда (көрсетілетін қызметті алушыда) субсидияланатын қарыз шарты бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі өткен ( төлемге өтінім берген сәтте) міндеттемелердің болмауы.

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшада жазылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияны аудару туралы хабарлама не осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама болып табылады.

Мемлекетік қызметті көрсету нәтижесі қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) СМАЖ-да тіркелген кезде көрсеткен электрондық почтасының мекенжайына, сондай-ақ СМАЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз нысанында көрсеткен кезде нәтиже Мемлекеттік корпорация арқылы беріледі.";

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес жүргізіледі.";

20-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20-1. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) мақұлдаған ұсыныстар резервке (күту парағына) келіп түседі.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) ұсыныс бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде резервке (күту парағына) енгізу үшін өтеу графигімен қарыз шартының көшірмесін қоса бере отырып, ұсыныстан алынған мәліметтерді қағаз нысанында СМАЖ-ға енгізеді.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) ұсыныстардың келіп түскен күні мен уақытына сәйкес ұсыныстарды кезектілік бойынша резервке (күту

парағына) енгізеді. Ұсыныстың резервке (күту парағына) енгізілгені туралы ақпарат СМАЖ-да көрсетіледі.

Резервке (күту парағына) келіп түскен ұсыныстар бойынша субсидиялар төлеу ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде ұсыныстың резервке (күту парағына) келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады. Ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты болмаған жағдайда, резервке (күту парағына) келіп түскен ұсыныстар бойынша субсидиялар төлеу келесі қаржы жылында жүзеге асырылады.

Ұсыныс бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынысты резервке ( күту парағына) енгізу туралы хабарламаны жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) қаржы институтына және қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) жібереді.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) ұсынысты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) ұсынысты СМАЖ-да тіркеуді;

2) ұсыныстың осы Қағидаларда белгіленген субсидиялау талаптарына сәйкестігін тексеруді, оның ішінде қарыз шартының осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген қарыз шартына қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеруді;

3) ұсыныс бойынша шешімді қабылдауды және ресімдеуді және бұл туралы қарыз алушыны (көрсетілетін қызметті алушы) мен қаржы институтын хабардар етуді жүзеге асырады.";

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Қаржы институты субсидиялауға арналған өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы береді.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен СМАЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Қарыз алушыда (көрсетілетін қызметті алушыда) және қаржы институтында СМАЖ-да жеке шоттардың болуы СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталады.

СМАЖ-да жеке шоттың болуы қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) және қаржы институтына өтінімді СМАЖ-да өздері тіркеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінім беру қажет етілмейді және ол осындай тіркелген кезден бастап берілген болып есептеледі.

42. СМАЖ-да жеке шот ашу үшін:

1) қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушы) мен қаржы институтының ЭЦҚ-сы болуы қажет;

2) жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) жыл сайын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.";

44, 45, 46 және 47-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы субсидиялауға арналған өтінімді алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

1) ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қою арқылы субсидиялауға арналған өтінімнің қабылданғанын растайды;

2) субсидиялауға арналған өтінімді тіркеу нәтижелері бойынша субсидияларды қаржы институтының арнайы банктік шотына аудару үшін " Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын СМАЖ-да қалыптастырады.

45. СМАЖ-ды пайдалануға аттестаттау шартымен және осындай жүйені ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне және онымен қамтамасыз етуге оң нәтиже берген жағдайда жол беріледі:

1) "Заңды тұлғалар", "Жеке тұлғалар", "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорларымен және "электрондық үкіметтің" веб-порталымен ақпараттық өзара іс-қимыл;

2) субсидиялар көлемдері бойынша лимиттердің мәртебесі туралы ақпараттың онлайн режимінде қолжетімділігі;

3) субсидиялауға арналған өтінімдерді қабылдауды тоқтата тұру туралы хабарландыруды СМАЖ-да орналастыру;

4) ЭЦҚ қойылған ұсыныстарды, субсидиялауға арналған өтінімдер мен хабарламаларды веб-портал арқылы беру;

5) жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) шешімдерін электрондық түрде қалыптастыру және оларға ЭЦҚ қою;

6) СМАЖ-да субсидиялау шартын немесе субсидиялау шартына қосымша келісімді электрондық түрде жасасу және оларға ЭЦҚ қою.

7) қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) банктік шотына субсидияларды аудару үшін қазынашылық органдарына субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын қалыптастыру.

46. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстарды жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблемалар туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.

47. Өтінімдерді электрондық түрде қарау кезінде осы Қағидалардың 16, 19, 21 , 23, 25, 29, 30,31,32,33,34 және 35-тармақтарында көзделген іс-шаралар СМАЖ-да жүзеге асырылады.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Жұмыс органының жауапты орындаушысы (көрсетілетін қызметті беруші) өтінім бойынша шешім шығарған немесе қолданыстағы қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақы төлеу мерзімдері, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша мерзімді кейінге қалдыруды ұсыну) өзгерген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде СМАЖ-ға қарыз алушының атауын, қарыз шартының нөмірі мен жасалған күнін, қарыз сомасын, қарыз шартының қолданылу мерзімін, субсидиялау мерзімін, қарыздың нысаналы мақсатын, субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесінің пайызын, субсидияның жалпы сомасын, кредиттік шарттың бүкіл мерзіміне сыйақы сомасын (жалпы, субсидияланатын, қарыз алушы төлейтін) негізгі борыштың өзгеру серпінін көрсете отырып, "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында өз шешімінің, жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) мөрімен расталған, қол қойылған субсидиялау шарты мен субсидиялау графиктерінің сканерленген көшірмелері қоса берілген өтінім туралы деректерді енгізеді.

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

8. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

15) және 16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"15) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – " электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жүргізуге, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ оны электрондық түрде автоматтық өңдеуге мүмкіндік беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған, Интернет желісінде орналасқан

ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

16) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтердің жиынтығы және СМАЖ-да көрсетілген өзге де мәліметтер;";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Субсидиялар көлемдері осы Қағидалар қолданысқа енгізілгеннен кейін бір ай ішінде және одан кейін жыл сайын 5 ақпаннан кешіктірілмей, жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) қаулысымен бекітіледі.

Қаулы бекітілгеннен кейін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) оны 2 (екі) жұмыс күні ішінде СМАЖ-да және өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады.";

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстарды жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблемалар туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) "электрондық үкімет" веб-порталының СМАЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электронды түрде:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын (сүтті, сүтті-етті, етті және етті-сүтті тұқымдар), етті және етті-сүтті асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды, тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын, асыл тұқымды қойларды, өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырды, асыл тұқымды тұқымдық түйені, шошқалардың асыл тұқымдық басын, ешкілердің асыл тұқымды аналық басын, етті бағыттағы ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанды және асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды сатып алып үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық-бұқаларды күтіп-бағу үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша тауарлық отарды өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымдық қошқарларды күтіп-бағу үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын, сондай-ақ шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша ірі қара малдың тауарлық аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 6-нысан бойынша ірі қара малдың асыл тұқымды аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 7-нысан бойынша қойдың асыл тұқымды аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 8-нысан бойынша қойдың тауарлық аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 9-нысан бойынша маралдардың ( бұғылардың) аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 10-нысан бойынша балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 11-нысан бойынша шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 12-нысан бойынша сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымдық бұқалардың сатып алынған бір жынысты және қос жынысты ұрығы үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 13-нысан бойынша ірі қара мал мен қой эмбриондарын сатып алу құнын арзандатқаны үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 14-нысан бойынша құс етін (құс етін, күркетауық етін, суда жүзетін құс етін), тағамдық жұмыртқаны (тауық жұмыртқасын), сүтті (сиыр сүті, бие сүті, түйе сүті) өндіру, сондай-ақ ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 15-нысан бойынша бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал/ тәулігіне кемінде 300 бас қой соятын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың (оның ішінде сүтті немесе сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды еркек дарақтары) / ұсақ малдардың еркек дарақтарының құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 16-нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басына жем-шөп шығындарының құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 17-нысан бойынша арнайы шотқа субсидиялар аударуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 18-нысан бойынша ірі қара малдың/ қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе тұқымдық тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу үшін тиесілі субсидияларға өтінімнің берілуі;

2) берілген өтінімнің СМАЖ-да ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тіркелуі;

3) өтінімнің осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келуі.

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптардың негізгі тізбесі ос Қағидаларға 4-қосымшада жазылған.

Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) субсидияларды алу сатысы туралы деректерді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен СМАЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2022 жылғы 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін күрке тауық етін өндіру құнын арзандатуға субсидиялау нормативі 200 теңгені құрайды, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 100 теңге нормативі қолданылады.

Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттар, субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының қаулысымен бекітіледі.

11. Тауар өндірушілер субсидиялар алуға өтінім берер алдында СМАЖ-да деректерді толтырады:

1) өткен жылдың қорытындысы бойынша статистикалық есепке сәйкес мал шаруашылығы өнімінің жалпы өндірісі;

2) статистикалық есепке сәйкес еңбек өнімділігі;

3) жайылымдар мен ауыл шаруашылығы жануарларының жалпы алаңдары.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Веб-портал (бұдан әрі – Жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін тауар өндірушіде СМАЖ-да өз бетінше тіркелу үшін ЭЦҚ-сы болуы қажет.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тауар өндірушінің өтінімін қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген мәліметтерді енгізе отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім СМАЖ-да оған тауар өндірушінің ЭЦҚ-сын қою арқылы тіркеледі және жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.";

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы өтінімді қабылдау расталғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шотын СМАЖ-да қалыптастырады.

Резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы қаулысы негізінде ағымдағы қаржы жылы қосымша бюджет қаражаты бөлінген және (немесе) қаражат субсидиялау бағыттарының арасында қайта бөлінген кезде өтінімдердің келіп түскен күніне және уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады. Ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты болмаған жағдайда, резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу келесі қаржы жылында жүзеге асырылады.

18. Қаржы институты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған кредит беру шарты шеңберінде жергілікті атқарушы органға ( көрсетілетін қызметті берушіге) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 17-нысан бойынша арнайы шотқа субсидиялар аударуға өтінім береді.

Арнайы шотқа субсидиялар алу үшін қаржы институты өтінімге "PDF" ( жазбаша қолы қойылған немесе ЭЦҚ-мен (QR-код) расталған қағаз нұсқасының

сканерленген нұсқасы) электрондық форматында қаржы институтының кредиттік комитетінің оң шешімі, кредит беру шартын жүктейді.

Өтінім СМАЖ-да тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде субсидиялар төлемді кейінге қалдыра отырып (ішінара төлей отырып), жасалған шарт немесе ірі қара малдың/қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алуға кредит беру шарты шеңберінде қаржы институтының екінші деңгейдегі банктегі арнайы шотына аударылады.

Тауар өндіруші ірі қара малдың/қойдың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе тұқымдық тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу фактісі бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 18-нысан бойынша өтінімде көрсетілген мәліметтерді СМАЖ-ға енгізеді.

Тауар өндірушінің ірі қара малды/қойды САТЖАҚ-та тіркеуі және ірі қара малдың/қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 18-нысан бойынша тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу үшін тиесілі субсидияға өтінім беруі расталған, ірі қара малдың/қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу фактісі болмаған кезде, қаржы институты субсидия сомасын алған сәттен бастап 120 (жүз жиырма ) күн ішінде оны жергілікті атқарушы органға (көрсетілетін қызметті берушіге) қайтарады.";

20 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Арнайы комиссия кәсіпорындардың осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келетін инфрақұрылымының бар-жоғын салыстырып-тексереді және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды береді. Сканерленген көшірмені және қорытындының мәліметтерін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) арнайы комиссияның қол қойылған қорытындысы берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде СМАЖ-ға енгізеді.

Тауар өндірушінің өлшемшарттарға сәйкестігін айқындау 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеусіз негізде "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік кәсіпкерлер палатасына тауар өндірушінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Қарау мерзімі тауар өндірушінің келісуі бойынша 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Арнайы комиссия тауар өндірушілердің өлшемшарттарға сәйкестігін салыстырып тексеруді үш жылда бір рет не осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттар өзгерген кезде жүзеге асырады.

Арнайы комиссияға қорытынды алған тауар өндіруші қызметінің субсидиялаудың әр түрі бойынша өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестігіне мониторинг жүргізуге және егер бұзушылықтар анықталса, тауар өндірушіден қорытындыны қайтарып алуға уәкілеттік беріледі.

Тауар өндірушіге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында субсидиялар алуға берілген өтінімді қарау нәтижелері туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама СМАЖ-да тіркелген жағдайда, тауар өндіруші көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ СМАЖ-дағы "жеке кабинетке" жіберіледі.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жергілікті атқарушы орган басшысының (көрсетілетін қызметті берушінің) атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) оны келіп түскен күннен бастап 3 ( үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) жібереді. Шағымды жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда жібермейді.";

мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Заңның 25 бабының 2 тармағына сәйкес тауар өндірушінің шағымы:

жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) – ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің), Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) шағым берген АШТӨ-ні (көрсетілетін қызметті алушыға) ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабарлайды.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2 және 4-қосымшалар осы Тізбеге 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

9. "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) алқаптың кадастрлық нөмірі – субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі беретін, орналасқан жерін айқындауға (сәйкестендіруге) арналған, көп жылдық екпелері бар учаскенің бірегей коды;";

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

16), 17), 18) және 19) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"16) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтердің жиынтығы және субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

17) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған, " электрондық үкімет" веб-порталымен және аграрлық ахуалдық орталықпен өзара іс-қимыл жасасуға, субсидия алуға арналған өтінімді (өтпелі өтінімді) тіркеуге, сондай-ақ өтінімнің (өтпелі өтінімнің) субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып реттелген жиынтығы;

18) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналасқан, СМАЖ-ға қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

19) танаптың кадастрлық нөмірі – СМАЖ беретін, танаптың орналасқан жерін анықтауға (сәйкестендіруге) арналған оның бірегей коды;";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын ЖАО-ның құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі – Басқарма) субсидиялаудың тиісті бағыттары бойынша жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспарлары (бұдан әрі – Қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оларды ЖАО-ның тиісті интернет-ресурсында және СМАЖ-да орналастырады.".

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген бюджет қаражаты толық игерілген жағдайда, осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген субсидиялаудың әрбір бағыты бойынша өтінімдер (өтпелі өтінімдер) резервке ( күту парағына) келіп түседі.

Ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде субсидияларды төлеу резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер (өтпелі өтінімдер) бойынша жүзеге асырылады. Ағымдағы қаржы жылында қосымша қаражат болмаған жағдайда, резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер ( өтпелі өтінімдер) бойынша субсидиялар келесі қаржы жылында төленеді.

Өтінімнің резервте (күту парағында) болу кезеңі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне қосылмайды.

Өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) қарау және субсидиялар төлеу, оның ішінде резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер (өтпелі өтінімдер) бойынша төлеу өтінімдерді (өтпелі өтінімдерді) тіркеу күні мен уақытына сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады. Келесі өтінім алдыңғы өтінім қаралғаннан кейін қаралады.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. ЖАО тиісті жылдың 30 желтоқсанына дейінгі мерзімде Министрлікке осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша СМАЖ-дан жүктелген субсидияны пайдалану туралы жиынтық ақпарат ұсынады.

11. "Басым дақылдардың, оның ішінде көпжылдық екпелердің өндірісін субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшада жазылған.

"Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

"Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшада жазылған.

"Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау " мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшада жазылған.

ЖАО Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес субсидия алу сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтыған СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, ЖАО Министрлікті СМАЖ-ға қолжетімділікті бере отырып, туындаған жағдай туралы дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблемалар туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.";

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (бұдан – әрі ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Басым дақылдар тізбесі және субсидия нормалары, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі (бұдан әрі – тізбе, субсидиялар көлемі мен нормалары) облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдерінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен Министрлікке мақұлдауға тиісті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірілмей беріледі.

Тізбені, субсидиялар көлемі мен нормаларды Министрлікке мақұлдауға берген кезде, субсидиялардың белгіленген нормасын негіздейтін (ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында аккредиттелген және Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын аграрлық бейіндегі ғылыми ұйымдармен келісілген әрбір субсидияланатын дақыл бойынша шығындар есептемелері), сондай-ақ тізбенің, субсидиялар көлемі мен нормаларының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік кәсіпкерлер палатасымен және қоғамдық кеңесімен келісілгенін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Министрлік оң шешім шығарған жағдайда, он жұмыс күні ішінде тізбені, субсидиялар көлемі мен нормаларын тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады не теріс шешім шығарған жағдайда, тізбені, субсидиялар көлемі мен нормаларын пысықтауға жолдайды. ЖАО-ның пысықтау мерзімі бес жұмыс күнін құрайды.

Тізбе, субсидиялар көлемі мен нормалары ЖАО-ның қаулысымен тиісті жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі және үш жұмыс күні ішінде СМАЖ-да және тиісті ЖАО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

Тізбеге, субсидиялар көлемі мен нормаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы тармақтың бірінші-төртінші бөлімдерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте, субсидиялау көлемі азайтылған жағдайда, ЖАО негіздеме бере отырып, Министрлікке мақұлдауға жолдайды.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Субсидияларды төлеу мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басым дақылдарды өндіру шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алуға өтінім беруі.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен веб-порталдың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ақпараттандыру туралы заң) 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) берген және ЭЦҚ қойылған өтінімнің СМАЖ-да тіркелуі.

3) ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-да деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы;

4) ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің шекарасы шегінде орналасқан танаптарда басым ауыл шаруашылығы дақылдарын егіу, ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) құқығы (жер пайдалану немесе жеке меншік) СМАЖ-дың мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған.

Ауылшаркооперативінде жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері болмаған жағдайда, ауылшаркооперативі ауылшаркооперативінің мүшелері болып табылатын ауылшартауарынөндірушілердің субсидия алуына өтінім береді. Бұл ретте, ауылшартауарынөндірушілер субсидия алушылар болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі субсидия алуға өтінім береді:

өнімді өңдеуге ауылшаркооперативінің мүшелері тапсырған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативінің мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

өнімді өңдеуге ауылшаркооперативі тапсырған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте, ауылшаркооперативіне мүшелік ауылшаркооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының ауылшаркооперативінің мүшелеріне қабылдау туралы шешімінен алынған үзінді-көшірменің электрондық көшірмесін өтінімге қоса тіркеу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік түрінде ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскелері тіркелген шаруа немесе фермерлік қожалықтар өнімді өңдеуге шаруа немесе фермерлік қожалықтар тапсырған жағдайда, субсидияға өтінім береді, бұл ретте шаруа немесе фермерлік қожалық субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру арқылы расталады;

5) СМАЖ-да танаптардың электрондық карталарын қалыптастыру;

6) СМАЖ-да жерді қашықтықтан зондтау деректерімен расталған ауыспалы егіс (басым дақылдарды себу жүзеге асырылған электрондық танаптар бойынша) туралы мәліметтердің болуы;

7) дәндік жүгері бойынша – өңдеуші кәсіпорынға өңдеуге тапсырылған ( құрамажем зауыттарына өңдеуге тапсырылғанды қоспағанда) не өзінің өңдеуші құрылымдарына өңдеуге берілген дәндік жүгерінің 1 тоннасына 100%;

8) қарақұмық бойынша – өңдеуші кәсіпорынға өңдеуге тапсырылған не өзінің өңдеуші құрылымдарына өңдеуге берілген қарақұмықтың 1 тоннасына 100%;

9) майлы дақылдар бойынша – өңдеуші кәсіпорынға өңдеуге тапсырылған не өзінің өңдеуші құрылымдарына өңдеуге берілген майлы тұқымдардың 1 тоннасына 100%;

10) қант қызылшасы (фабрикалық) бойынша – қант зауытына өңдеуге тапсырылған не өзінің өңдеуші кәсіпорындарына өңдеуге берілген қант қызылшасының 1 тоннасына 100 %;

11) ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) басым дақылдарды өңдеуші кәсіпорынға өткізу фактісін СМАЖ-дың электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйемен (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде растауы.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде қант қызылшасын өндіруді өз бетінше жүзеге асыратын және аталған өнімді өңдеуді өз бетінше жүзеге асыратын қант зауыттары үшін өткізу фактісін растау талап етілмейді.

Бұл ретте, субсидиялар алуға пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жеке кабинеттегі тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) ауылшартауарынөндірушілерде (ауылшаркооперативтерінде) ЭЦҚ болуы тиіс;

2) Басқарма Министрлікке жыл сайын ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жібереді.";

23, 24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Өтінімді қалыптастыру және тіркеу жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген талаптарды СМАЖ-бен тексеру үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім СМАЖ-да оған ауылшартауарынөндірушінің ( ауылшаркооперативінің) ЭЦҚ-сымен қол қою жолымен тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына өтінімнің карауға түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі .

24. Басқарма өтінімді тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдаланып тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не уәжді бас тартады. Бұл ретте, өтінімді растау туралы хабарлама не уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің ( ауылшаркооперативінің) СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

25. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес Басқарма осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын СМАЖ-да қалыптастырады және субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жолданады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Отырғызу материалын өндіруге арналған субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің отырғызу материалын өндіруге жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге субсидиялар алуға өтінім беру.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен веб-порталдың ақпараттық өзара іс-қимылы Ақпараттандыру туралы заңның 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

2) оригинатор берген өтінімді СМАЖ-да тіркеу;

3) оригинатордың СМАЖ-да деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы;

4) СМАЖ бен ЭШФ АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде нақты өткізілген отырғызу материалы үшін оригинатордың жұмсалған шығындарын растау.

Бұл ретте субсидия алу үшін электрондық шот-фактураларды кері қайтаруға, жоюға және түзетуге жол берілмейді;

5) оригинаторда СМАЖ-дың мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы.

Шаруа немесе фермер қожалығы нысанында құрылған, жер учаскелері мүшелерінің атына тіркелген оригинатор өтінім берген жағдайда, жер учаскелерінің бар екенін жер учаскеріне арналған құқық белгілеу және сәйкестендіру құжаттарымен растауға жол беріледі, олардың сканерленген электрондық көшірмелері СМАЖ-да орналастырылады;

6) СМАЖ-да көпжылдық екпелердің электрондық карталарын тіркеу.".

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Тізілімнің деректеріне қолжетімділік беру үшін Жеке кабинетте:

1) оригинаторлардың ЭЦҚ-сы болуы тиіс;

2) Басқарма Министрлікке жыл сайын ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.".

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Өтінімді қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 27-тармағы 3), 4), 5) және 6) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім СМАЖ-да оригинатордың ЭЦҚ-сымен қол қою арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.";

34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Басқарма өтінім тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не уәжді бас тартады. Бұл ретте, өтінімді растау туралы хабарлама не

уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында оригинатордың СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

35. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес Басқарма осы Қағидалардың 24-тармағына сәйкес өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын СМАЖ-да қалыптастырады және субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында оригинатордың Жеке кабинетіне жолданады.";

38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Оң шешім қабылданған жағдайда, Министрлік 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті ілеспе хатпен тұқымға арналған субсидиялар көлемін қайтарады. Теріс шешім қабылданған жағдайда, Министрлік тұқымға арналған субсидиялар көлемін мақұлдаудан уәжді бас тарту хатымен қайтарады. Бұл ретте, тұқымға арналған субсидиялардың пысықталған көлемі 5 (бес) жұмыс күні ішінде Министрлікке қайта қарауға жіберіледі.

Министрлік мақұлдағаннан кейін тұқымдарға арналған субсидиялар көлемі ЖАО қаулысымен жыл сайын бекітіледі және Басқарма оларды СМАЖ-да және тиісті ЖАО-ның интернет-ресурсында 2 (екі) жұмыс күні ішінде орналастырады.

Тұқымға арналған субсидиялар көлемі азайған жағдайда, ЖАО Министрлікке тиісті негіздememен тұқымға арналған субсидиялар көлемін мақұлдауға жібереді. Бұл ретте субсидияланатын тұқымдардың әрбір санаты бойынша бюджет қаражатының көлемін қайта бөлу Министрлікпен келісілмейді.

39. Басқарма СМАЖ-да осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірегей тұқым өндірушілерінің, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының, тұқым өсіру шаруашылықтарының және тұқым өткізушілердің тізбесін орналастырады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/266 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11773 болып тіркелген) бекітілген Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларына сәйкес аттестаттау, қайта аттестаттау туралы куәлік берілгеннен не аттестаттау туралы куәліктің қолданылуы тоқтатылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Басқарма СМАЖ-да тиісті өзгерістер енгізеді.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) элиттұқымшардың (тұқымшардың, өткізушінің) және ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) берген өтінімнің (өтпелі өтінімнің) СМАЖ-да тіркелуі;

2) элиттұқымшардың, тұқымшардың, өткізушінің және ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) СМАЖ-да деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы;

3) СМАЖ бен ЭШФ АЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде элиттұқымшардың, тұқымшардың, ауылшартауарынөндірушілердің ( ауылшаркооперативтерінің) сатып алған субсидияланатын тұқымдарға жұмсаған шығындарының расталуы.

Бұл ретте субсидия алу үшін электрондық шот-фактураларды кері қайтаруға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Элиттұқымшар, тұқымшар және ауылшартауарөндіруші ( ауылшаркооперативі) субсидияланатын тұқымдарды ЭШФ АЖ қолданбайтын шетелдік тұқым өндірушіден тікелей сатып алған жағдайда, субсидияланатын тұқымдарды сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларацияның (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден субсидияланатын тұқымдар сатып алған элиттұқымшар, тұқымшар, ауылшартауарөндірушілер (ауылшаркооперативі) үшін) мәліметтерімен немесе " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Кодекс) 456-бабының 2-тармағына сәйкес тауардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінгенін растайтын салық органының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен ( өтініштермен) расталады;

4) элиттұқымшарда, тұқымшарда және ауылшартауарынөндірушіде ( ауылшаркооперативінде) СМАЖ-дың мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы.

Өндірістік жылыжай кешенінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе өзге де санаттардағы (ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес) жер учаскелерінің болуы.

Жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы туралы талап Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін ауылшартауарынөндіруші өтінім (өтпелі

өтінім) берген жағдайда, осындай жер учаскелері бар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартқа қатысушыға қатысты қолданылады. Бұл ретте бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, өтінім ( өтпелі өтінім) берген ауылшартауарынөндіруші субсидия алушы болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі субсидия алуға өтінім (өтпелі өтінім) береді:

субсидияланатын тұқымдарды ауылшаркооперативінің мүшелері сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

субсидияланатын тұқымдарды ауылшаркооперативі сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте ауылшаркооперативіне мүшелік ауылшаркооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының ауылшаркооперативінің мүшелеріне қабылдау туралы шешімінен үзінді-көшірменің электрондық көшірмесін өтінімге қоса тіркеу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік түрінде ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскелері тіркелген шаруа немесе фермерлік қожалықтар субсидияға арналған өтінімді ( өтпелі өтінімді) шаруа немесе фермерлік қожалықтар тұқымдарды сатып алған жағдайда, береді, бұл ретте шаруа немесе фермерлік қожалық субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру арқылы расталады;

5) элиттұқымшарға, тұқымшарға, ауылшартауарөндірушіге ( ауылшаркооперативіне) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі жер учаскелерінің бүкіл егістік алаңына арналған электрондық танап карталарын СМАЖ-да тіркеу;

6) СМАЖ-дың "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде жылыжайдың болу фактісі мен оның жұмыс алаңының өлшемін растайтын, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 6 мамырдағы № 156 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8469 болып тіркелген) бекітілген Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу қағидалары мен мерзімдеріне, " Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына және Жылжымайтын мүліктің

бастапқы және кейінгі объектілеріне кадастрлық нөмір беру қағидаларына сәйкес берілген техникалық паспорттың (қорғалған топырақта қызанақ және қияр өндірумен айналысатын ауылшартауарынөндірушілер (ауылшаркооперативтері үшін) болуы.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Жеке кабинеттегі тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) элиттұқымшарда, тұқымшарда, тұқым өткізушілерде, ауылшартауарөндірушілерде, ауылшаркооперативтерінде ЭЦҚ болуы тиіс;

2) Басқарма Министрлікке жыл сайын ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жібереді.".

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Өтінімді (өтпелі өтінімді) қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 48-тармағы 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім не осы Қағидалардың 48-тармағы 4) және 5) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтпелі өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім (өтпелі өтінім) СМАЖ-да элиттұқымшар, тұқымшар, тұқым өткізуші, ауылшартауарөндіруші, ауылшаркооперативі ЭЦҚ-сымен қол қою арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына өтінімнің (өтпелі өтінімнің) қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.";

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. Басқарма өтінім (өтпелі өтінім) тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не уәжді бас тартады. Бұл ретте, өтінімді растау туралы хабарлама не уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте, өтпелі өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама элиттұқымшардың (тұқымшардың, өткізушінің) Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Элиттұқымшар (тұқымшар, тұқым өткізуші) осы Қағидалардың 48-тармағы 3) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар бойынша мәліметтерді тізілімге енгізеді.";

61, 62 және 63-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"61. Басқарма Қаржыландыру жоспарына және тұқымдарға арналған субсидиялар көлеміне сәйкес СМАЖ-да "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық

жүйесіне жүктелетін субсидия төлеуге арналған төлем шотын екі жұмыс күні ішінде:

осы Қағидалардың 59 және 60-тармақтарына сәйкес Басқарма өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін;

элиттұқымшар (тұқымшар, өткізуші) осы Қағидалардың 48-тармағы 3) тармақшасының талаптарына сәйкес нақты өткізілген субсидияланатын тұқымдар бойынша мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін қалыптастырады.

Бұл ретте, субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында элиттұқымшардың, тұқымшардың, ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

62. Тыңайтқыштарды өндірушілер, жеткізушілер және шетелдік өндірушілер және олар өндіретін (өткізетін) өнімдер тізбесін (бұдан әрі – жеткізушілер тізбесі ) индустрия және инфрақұрылымдық даму саласындағы уәкілетті орган Министрлікке және ЖАО-ға кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей және тиісті жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей береді.

Бұл ретте жеткізушілер тізбесі алынғаннан кейін оны Министрлік үш жұмыс күні ішінде Министрліктің ресми интернет-ресурсында, ЖАО-ның тиісті ресми интернет-ресурсында және СМАЖ-да орналастырады.

63. Тыңайтқыштарға арналған субсидиялар тізбесі мен нормалары, сондай-ақ тыңайтқыштарды (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдері (бұдан әрі – тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемі) облыстардың, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен Министрлікке мақұлдауға тиісті жылдың 15 қарашасынан кешіктірілмей беріледі. Бұл ретте, тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлерінің тізбесі жеткізушілер тізбесінің негізінде қалыптастырылады.

Бұл ретте, тыңайтқыштардың тиісті түрлеріне қалыптасқан нарықтық бағаларды растайтын құжаттарды, сондай-ақ субсидиялауға жататын тыңайтқыш түрлерінің көлемдері бойынша есептемелерді ЖАО кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей Министрлікке береді.

Оң шешім болған жағдайда, Министрлік тыңайтқыштарға арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларды, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемін тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады. Теріс шешім болған жағдайда, Министрлік тыңайтқыштарға арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларды, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемін мақұлдаудан уәжді бас тартуы бар хатпен кері қайтарады. Бұл ретте пысықталған тыңайтқыштарға арналған субсидиялар тізбесі мен нормалар, сондай-ақ

тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемі бес жұмыс күні ішінде Министрлікке қайта карауға жолданады.

Министрлік мақұлдағаннан кейін, тыңайтқыштарға арналған субсидиялар тізбесі мен нормалары, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемі ЖАО-ның қаулысымен жыл сайын бекітіледі. Бұл ретте субсидиялар нормалары қосылған құн салығын есепке алмай белгіленеді.

Тыңайтқыштарға арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларына, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлеміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы тармақтың бірінші-төртінші бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемін ЖАО олар азайтылған жағдайда негіздемелермен Министрлікке мақұлдауға жолдайды.

ЖАО тиісті интернет-ресурста және СМАЖ-да тыңайтқыштарға арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларды, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған субсидиялар көлемін мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде орналастырады.";

65 және 66-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электронды түрде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толық құны бойынша сатып алынған тыңайтқыштар үшін субсидиялар алуға арналған өтінім беруі.

Тыңайтқышты шарт негізінде тыңайтқыштарды өндірушіден арзандатылған құны бойынша сатып алған кезде, ауылшартауарынөндіруші ( ауылшаркооперативі) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электронды түрде осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзіне тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтпелі өтінім береді.

Мұндай жағдайда, субсидиялар тыңайтқыштарды өндірушіге тыңайтқыштарды өндіруші күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді өтпелі өтінімге енгізген жағдайда, осы Қағидалардың 74-тармағына сәйкес төленеді.

Тыңайтқыштарды өндіруші өтпелі өтінімге нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді белгіленген мерзімде уақтылы енгізбеген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтпелі өтінімді қайта береді.

Бұл ретте, СМАЖ-да осы Қағидалардың 65-тармағы 1) тармақшасының үшінші және төртінші бөліктерінде белгіленген мерзімдерде тыңайтқыштар өткізілмеген ауылшартауарынөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) тізімі қалыптастырылады.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен веб-порталдың ақпараттық өзара іс-қимылы Ақпараттандыру туралы заңның 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2) ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) берген өтінімнің (өтпелі өтінімнің) тіркелуі;

3) ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-да деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы. Бұл ретте өтпелі өтінім үшін СМАЖ-да тыңайтқыштарды өндірушінің жеке шоты болуы қажет;

4) СМАЖ бен ЭШФ АЖ-ның өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативі) сатып алынған тыңайтқыштарға жұмсаған шығындарының расталуы.

Бұл ретте электрондық шот-фактура өтінімді СМАЖ-да тіркеу кезінде ( сұратылған электрондық шот-фактура ЭШФ АЖ-дан тыңайтқыштарды сатушыға және ауылшартауарынөндірушіге (ауылшаркооперативіне) мемлекеттік қолдау шарасын алу үшін электрондық шот-фактураны бұғаттау және пайдалану туралы хабарлама жолдай отырып, ЭШФ АЖ-да автоматты түрде бұғатталады) ЭШФ АЖ-дан "сұраным-жауап" режимінде сұратылады.

Субсидия алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) ЭШФ АЖ-ны пайдаланбайтын шетелдік тыңайтқыштарды өндірушіден тыңайтқыштарды тікелей сатып алған кезде, тыңайтқыштарды сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациядан алынған мәліметтермен ( Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден тыңайтқыш сатып алған ауылшартауарынөндіруші немесе ауылшаркооперативі үшін) немесе тауардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінгенін растайтын Кодекстің 456-бабының 2-тармағына сәйкес салық органының тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішімен ( өтініштерімен) расталады;

5) ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-дың мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті аланда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы.

Өнеркәсіптік жылыжай кешенінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеп-өсіру кезінде ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы

мақсатындағы немесе өзге де санаттардағы (ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес) жер учаскелерінің болуы.

Жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы туралы талап Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін ауылшартауарынөндіруші өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, осындай жер учаскелері бар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартқа қатысушыға қатысты қолданылады. Бұл ретте бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, өтінім ( өтпелі өтінім) берген ауылшартауарынөндіруші субсидия алушы болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі субсидия алуға өтінім (өтпелі өтінім) береді:

ауылшаркооперативінің мүшелері тыңайтқыш сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

ауылшаркооперативі тыңайтқыш сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте ауылшаркооперативіне мүшелік ауылшаркооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының ауылшаркооперативінің мүшелеріне қабылдау туралы шешімінен үзінді-көшірменің электрондық көшірмесін өтінімге қоса тіркеу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік түрінде ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскелері тіркелген шаруа немесе фермерлік қожалықтар субсидияға арналған өтінімді ( өтпелі өтінімді) шаруа немесе фермерлік қожалықтар тұқымдарды сатып алған жағдайда, береді, бұл ретте шаруа немесе фермерлік қожалық субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру арқылы расталады;

Жер учаскелерін лизингтік компанияға жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығын беруді көздейтін дайын объектінің лизингі жағдайында, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) лизингтік компания растайтын жер учаскелердің деректемелерін көрсетеді;

6) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауылшартауарынөндірушіге тиесілі жер учаскелерінің бүкіл егістік алаңына арналған электрондық танап карталарының СМАЖ-да тіркелуі;

7) ауылшартауарынөндірушіге жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің тыңайтылатын алаңына арналған алтыдан кем емес агрохимиялық көрсеткіш (

қарашірік, су немесе тұз сүзіндісінің сутегі көрсеткіші (pH), азот (нитраттық, жеңілгидролизденетін немесе сілтілігидролизденетін), фосфордың, калий мен күкірттің жылжымалы нысандары) бойынша электрондық агрохимиялық картограмманың СМАЖ-да тіркелуі.

Бұл ретте, ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп-өсіру кезінде электрондық агрохимиялық картограмманы тіркеу талап етілмейді.".

66. Субсидиялар ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтінім берген тыңайтқыштардың түрлері мен көлеміне (өтінімдерде көрсетілген егіс алаңына тыңайтқыштарды енгізу нормаларын ескере отырып), тыңайтқыштар тізбесі мен бекітілген субсидиялар нормаларын негізге ала отырып, мынадай формула бойынша есептеледі:

С = Nв х S х Nс,

мұнда:

С – тиесілі субсидиялар сомасы, теңге;

Nв – субсидияларды есептеу үшін СМАЖ-да орналастырылған топырақтың агрохимиялық жай-күйін ескере отырып, 1 гектарға тыңайтқыш енгізу нормасы ( нақты салмақпен тонна/гектар, килограмм/гектар, литр/гектар);

S – тыңайтқышты қолдану алаңы, гектар (аталған алаң осы ауылшартауарынөндірушіге (ауылшаркооперативіне) жер пайдалану және ( немесе) жеке меншік құқығында тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңынан аспайды);

Nс – тыңайтқышқа арналған субсидиялар нормасы, теңге (осы Қағидалардың 67-тармағына сәйкес айқындалады).

Бұл ретте, тыңайтқыштар енгізудің нормаларынан төмен сатып алған кезде субсидиялар нақты сатып алынған тыңайтқыштар бойынша есептеледі, тыңайтқыштар енгізу нормаларынан асқан жағдайда, белгіленген тыңайтқыштар енгізу нормалары бойынша есептеледі.";

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Жеке кабинетте тізілімнің деректеріне қол жеткізуді ұсыну үшін:

1) ауылшартауарынөндірушілерде (ауылшаркооперативтерінде) және тыңайтқыштарды өндірушілерде ЭЦҚ болуы тиіс;

2) Басқарма жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімін жолдайды.";

73, 74 және 75-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Өтінімді (өтпелі өтінімді) қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 65-тармағы 4), 5), 6) және 7) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім не осы Қағидалардың 65-тармағы 5), 6) және 7) тармақшаларының

талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтпелі өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім (өтпелі өтінім) СМАЖ-да ауылшартауарөндіруші, ауылшаркооперативі ЭЦҚ-сымен қол қою арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына өтінімнің (өтпелі өтінімнің) қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.".

74. Басқарма өтінім (өтпелі өтінім) тіркелген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не уәжді бас тартады. Бұл ретте, өтінімді растау туралы хабарлама не осы ұсынудан уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте, өтпелі өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама тыңайтқыштарды өндірушінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Тыңайтқыштарды өндіруші осы Қағидалардың 65-тармағы 4) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді тізілімге енгізеді.

Тыңайтқыштарды өндіруші өтпелі өтінімге нақты өткізілген тыңайтқыштар жөніндегі мәліметтерді осы Қағидалардың 65-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде уақтылы енгізбеген жағдайда, өтпелі өтінім жойылады. Бұл ретте, ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетінде өтпелі өтінімнің жойылғаны туралы хабарлама қолжетімді болады.

75. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да " Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидия төлеуге арналған төлем шотын екі жұмыс күні ішінде:

осы Қағидалардың 74-тармағына сәйкес Басқарма өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін;

тыңайтқыштарды өндіруші осы Қағидалардың 65-тармағы 4) тармақшасының талаптарына сәйкес нақты өткізілген тыңайтқыштар бойынша мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін қалыптастырады.

Бұл ретте, субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.";

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормалары, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды ) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдері (бұдан әрі – пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдері)

облыстардың, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен Министрлікке мақұлдауға тиісті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірілмей ұсынылады.

Бұл ретте пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тиісті түрлеріне қалыптасқан нарықтық бағаларды растайтын құжаттарды ( прайс-парақтар, коммерциялық немесе бағалық ұсыныстар), сондай-ақ шығыс нормаларын ескере отырып, субсидиялауға жататын пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) түрлерінің көлемдері бойынша есептемелерді ЖАО кейінгі жылға ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей Министрлікке береді.

Оң нәтиже болған жағдайда, Министрлік пестицидтерге, биоагенттерге ( энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларды, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемін тиісті ілеспе хатпен кері қайтарады. Теріс нәтиже болған жағдайда, Министрлік пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларды, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемін мақұлдаудан уәжді бас тартуы бар хатпен кері қайтарады. Бұл ретте пысықталған пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормалар, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге ( энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемдері бес жұмыс күні ішінде Министрлікке қайта қарауға жолданады.

Министрлік мақұлдағаннан кейін, пестицидтерге, биоагенттерге ( энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормалары, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемі ЖАО қаулысымен бекітіледі. Бұл ретте субсидиялар нормалары қосылған құн салығын есепке алмай белгіленеді.

Пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларына, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлеміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Қағидалардың осы тармағының бірінші-төртінші бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте пестицидтерге, биоагенттерге ( энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемін ЖАО олар азайтылған жағдайда негіздемелермен Министрлікке мақұлдауға жолдайды.

ЖАО тиісті интернет-ресурста және СМАЖ-да пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар тізбесі мен нормаларды, сондай-ақ пестицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) арналған субсидиялар көлемін мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде орналастырады.";

81-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"81. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электронды түрде осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толық құны бойынша сатып алынған пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) үшін субсидиялар алуға арналған өтінім беруі.

Пестицидтті, биоагентті (энтомофагты) шарт негізінде пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушіден арзандатылған құны бойынша сатып алған кезде, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электронды түрде осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзіне тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтпелі өтінім береді.

Мұндай жағдайда, субсидиялар пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушіге пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей нақты өткізілген пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) жөніндегі мәліметтерді өтпелі өтінімге енгізген жағдайда, осы Қағидалардың 88-тармағына сәйкес төленеді.

Пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтар) өндірушілер өтпелі өтінімге нақты өткізілген пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) жөніндегі мәліметтерді белгіленген мерзімде уақтылы енгізбеген жағдайда, ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтпелі өтінімді қайта береді.

Бұл ретте, СМАЖ-да осы Қағидалардың 81-тармағы 1) тармақшасының үшінші және төртінші бөліктерінде белгіленген мерзімдерде пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) өткізілмеген ауылшартауарынөндірушілердің (ауылшаркооперативтерінің) тізімі қалыптастырылады.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен веб-порталдың ақпараттық өзара іс-қимылы Ақпараттандыру туралы заңның 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2) өтінімді (өтпелі өтінімді) СМАЖ-да тіркеу;

3) ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-да деректері СМАЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған жеке шотының болуы. Бұл ретте өтпелі өтінім үшін СМАЖ-да пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушінің жеке шоты болуы қажет;

4) СМАЖ бен электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйенің өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өткізгенінің расталуы.

Субсидия алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушіден пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) тікелей сатып алған кезде, пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) сатып алуға жұмсалған шығындар жүк кедендік декларацияның мәліметтерін декларациялаумен (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған ауылшартауарынөндіруші немесе ауылшаркооперативі үшін) немесе тауардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінгенін растайтын Кодекстің 456-бабының 2-тармағына сәйкес салық органының белгісі қойыла отырып, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен (өтініштермен) расталады;

5) ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) СМАЖ-дың мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, тиісті алаңда жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы.

Өнеркәсіптік жылыжай кешенінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру кезінде ауылшартауарынөндірушіде (ауылшаркооперативінде) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе өзге де санаттардағы (ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес) жер учаскелерінің болуы.

Жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің болуы туралы талап Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізінде әрекет ететін ауылшартауарынөндіруші өтінім (өтпелі өтінім) берген жағдайда, осындай жер учаскелері бар бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартқа қатысушыға қатысты қолданылады. Бұл ретте бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмесін қоса бере отырып, өтінім ( өтпелі өтінім) берген ауылшартауарынөндіруші субсидия алушы болып табылады.

Мүшелеріне жер учаскелері тіркелген ауылшаркооперативі субсидия алуға өтінім (өтпелі өтінім) береді:

ауылшаркооперативінің мүшелері пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі мүшелері субсидия алушылар болып табылады;

ауылшаркооперативі пестицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) сатып алған жағдайда, бұл ретте ауылшаркооперативі субсидия алушы болып табылады.

Бұл ретте ауылшаркооперативіне мүшелік ауылшаркооперативі мүшелерінің жалпы жиналысының ауылшаркооперативінің мүшелеріне қабылдау туралы шешімінен үзінді-көшірменің электрондық көшірмесін өтінімге қоса тіркеу жолымен расталады.

Бірлескен кәсіпкерлік түрінде ұйымдасқан, мүшелеріне жер учаскелері тіркелген шаруа немесе фермерлік қожалықтар субсидияға арналған өтінімді ( өтпелі өтінімді) шаруа немесе фермерлік қожалықтар пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) сатып алуға береді, бұл ретте шаруа немесе фермерлік қожалық субсидия алушы болып табылады.

Шаруа немесе фермерлік қожалыққа мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру арқылы расталады.

Жер учаскелерін лизингтік компанияға жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығын беруді көздейтін дайын объектінің лизингі жағдайында ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) лизингтік компания растайтын жер учаскелердің деректемелерін көрсетеді;

6) жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауылшартауарынөндірушіге тиесілі жер учаскелерінің бүкіл егістік алаңына арналған электрондық танап карталарының СМАЖ-да тіркелуі.

7) ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды (арамшөптер, бидай трипсі, шалғын көбелегі, карадрина және жағалау шыбыны) және аса қауіпті зиянды организмдерге (өңдеу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын саяқ және үйірлі шегіртке тұқымдастарын қоспағанда) және карантинді объектілерге (таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын карантинді объектілерді қоспағанда) қарсы өңдеу жүргізу үшін субсидияланатын пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) қолдану бойынша қарсы міндеттемелерді қабылдауы.";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. Жеке кабинетте тізілімнің деректеріне қол жеткізуді ұсыну үшін:

1) ауылшартауарынөндірушілерде (ауылшаркооперативтерінде) және пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушілерде ЭЦҚ болуы тиіс;

2) Басқарма жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар өз жұмыскерлерінің өзектендірілген тізімін жолдайды.";

87, 88, 89, 90, 91 және 92-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтінімді немесе өтпелі өтінімді қалыптастыру мен тіркеуді Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізеді :

1) осы Қағидалардың 81-тармағы 4), 5) және 6) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім (не осы Қағидалардың 81-тармағы 5) және 6) тармақшаларының талаптарын СМАЖ-бен тексеру үшін оған қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтпелі өтінім) қалыптастырылады;

2) өтінім немесе өтпелі өтінім СМАЖ-да ауылшартауарынөндірушінің ЭЦҚ-сымен қол қою арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Веб-порталда көрсетілген Басқарманың электрондық мекенжайына өтінімнің немесе өтпелі өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электронды хабарлама жіберіледі.

Егер Басқарма төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде қателердің бар екені анықталған жағдайда, ауылшартауарынөндіруші ( ауылшаркооперативі) қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алады.

88. Басқарма ауылшартауарынөндіруші (ауылшаркооперативі) өтінімді немесе өтпелі өтінімді тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, тиісті хабарламаға қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды не уәжді бас тартады. Бұл ретте, өтінімді расталу туралы хабарлама не осы ұсынудан уәжді бас тарту электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) СМАЖ-дағы Жеке кабинетіне жіберіледі.

Бұл ретте, өтпелі өтінім бойынша да хабарлама пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндірушінің Жеке кабинетінде, кейіннен осы Қағидалардың 81 -тармағы 4) тармақшасының талаптарын орындау үшін нақты өткізілген пестицид, биоагент (энтомофаг) бойынша мәліметтерді тізілімге енгізу үшін қолжетімді болады.

89. Басқарма Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМАЖ-да екі жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге төленетін шоттарды қалыптастырады:

осы Қағидалардың 88-тармағына сәйкес Басқарма өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін;

пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруші осы Қағидалардың 81-тармағы 4) тармақшасының талаптарына сәйкес нақты өткізілген пестицидтер , биоагенттер (энтомофагтар) туралы мәліметтерді тізілімге енгізгеннен кейін СМАЖ-да қалыптастырады.

Бұл ретте, субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама электрондық құжат нысанында ауылшартауарынөндірушінің (ауылшаркооперативінің) Жеке кабинетіне жіберіледі.

90. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ЖАО-ның шешіміне , әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым ЖАО басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым ҚР ӘРПК-ның 91-бабына сәйкес келіп түскен жағдайда, ЖАО оны шағымды қайтаратын органға және (немесе) лауазымды адамға) келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді. ЖАО шағымы шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға) қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда жіберілмейді.

91. Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің (ауыл шаруашылығы кооперативінің), элиталық шаруашылықтың, семхоздың, оригинатордың және өткізушінің шағымы қаралуға тиіс:

ЖАО – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.

ЖАО-ның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) шағым берген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге (ауыл шаруашылығы кооперативіне), элиталық шаруашылыққа, семхозға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабарлайды.

92. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 10 және 12-қосымшалар осы Тізбеге 11, 12, 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы<br>Ауыл шаруашылығы<br>министрлігінің өзгерістер<br>мен толықтырулар енгізілетін<br>кейбір бұйрықтарының тізбесіне<br>1-қосымша<br>Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл

шаруашылығы өнімін тереңдете
өңдеп өнім өндіруі үшін оны
сатып алу шығындарын
субсидиялау қағидаларына
3-қосымша

## "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Жеке және заңды тұлғалардың ( бұдан әрі – көрсетілген қызметті алушы) өтінімдерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 2 (екі) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толықтай автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама не мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруден уәжді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны – электрондық. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30 -ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс гафигі | үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау немесе мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы www.gov.kz интернет-ресурсында орналасқан. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10087 болып тіркелген) бекітілген Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға арналған өтінім. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған мәліметтердің дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. |
| | | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол |

| | | |
|---|---|---|
| | | жеткізу режимінде порталдағы Жеке кабинеті, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. |
| | | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді. |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Ауыл шаруашылығы
тауарларын өндірушілерге
су беру бойынша көрсетілетін
қызметтердің құнын
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша
___________облысының ауыл
аруашылығы басқармасына/
Астана қаласының
инвестициялар және
кәсіпкерлікті дамыту
басқармасына/
Алматы қаласының кәсіпкерлік
және инвестиция басқармасына/
Шымкент каласының ауыл
шаруашылығы және
ветеринария басқармасына
Нысан

## Су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға арналған өтінім 20 __ жылғы _____________ айы үшін

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші ________________________
_________________________________________________________________;

(атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, байланыс телефоны)

2. Өтінім беруші туралы мәліметтер:

1) өтінім берушінің мекенжайы ____________________________________

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй, телефон)

2) өтінім берушінің деректемелері _________________________________

_______________________________________________________________________

(жеке тұлғалар үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалар үшін – бизнес

сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), бірінші басшының аты, әкесінің аты ( бар

болса), тегі және жеке сәйкестендіру нөмірі)

____________________________________________________________________;

3) дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама – жеке тұлға үшін

_____________________________________________________________;

4) кәсіпкерлік субъктісінің санаты _________________________________.

3. Өтінім берушіге жер пайдалану немесе жеке меншік құқығында тиесілі жер

учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат

_______________________________________________________ кадастрлық нөмірі

4. Суару көзі туралы мәлеметтер:

1) су көзінің атауы ______________________________________________;

(өзен, бұлақ, суландыру жүйесі, субөлгіш, сутаратқыш)

2) су берушінің тарифі (теңгемен) _________________________________;

3) су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы су берушімен жасалған

шарттың нөмірі және күні _______________________________________;

5. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өсірілетін түрлері бойынша суаратын суды

тұтыну көлемі:

1) егілетін дақыл _______________________________________________;

2) егіс алаңы, гектар _____________________________________________;

3) су тұтыну көлемі, мың текше метр ______________________________;

4) суару тәсілі __________________________________________________;

5) Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының көлтабандарында өсірілетін

көпжылдық шөптерді суару үшін механикаландырылған су көтеру, мың текше метр

____________________________________________________________________________.

6. Ағымдағы шотының бар-жоғы туралы ақпарат:

1) субсидиялар алу үшін екінші деңгейдегі банктегі банктік шоттың деректемелері

___________________________________________________________;

2) банктік сәйкестендіру коды ______________________________________;

3) корреспонденттейтін шот __________________________________________;

4) (БСН) _________________________________________________________;

5) Бенефициар коды _______________________________________________;

7. Алынған суаратын суға алғашқы төлем құжаттары

___________________________________________________________________.

(төлем құжатының нөмірі)

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы

хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға,

дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беремін.

Өтінім беруші 20___жылғы "__" __________ сағат_____ қол қойып, жіберді.

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Өтінім 20___жылғы "__"__________ сағат____ қабылданды.

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Ауыл шаруашылығы
тауарларын өндірушілерге су
беру бойынша көрсетілетін
қызметтердің құнын
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

**"Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

| | | |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді. |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Жеке және заңды тұлғалардың ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтінімдерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz " электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 3 (үш) жұмыс күні<br>Өтінімнің резервте (күту парағында) болу кезеңі Мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне енгізілмейді. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Субсидия беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | Көрсетілетін қызметті алушы порталға көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12714 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсынады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. |
| | | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті" және бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.<br>Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді. |

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

## "Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтінімдерін қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 3 (үш) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Субсидияларды аудару туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде , Заңның кодексі мен 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндері өтінімдерді қабылдау немесе мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында www.gov.kz. |
| | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан | Көрсетілетін қызметті алушы порталға көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | субсидия алуға арналған өтінімді ұсынады.<br>Өтінімдер жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсанына дейін (қоса алғанда ) қабылданады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:<br>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. |
| 10. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.<br>мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.<br>Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді. |

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер

бойынша сыйақы
өлшерлемелерін
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

## "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтінімдерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 7 (жеті) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Субсидияларды аудару туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау немесе мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында www.gov.kz. |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында субсидиялауға өтінім береді. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтердің дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 205 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 13876 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі жолдама шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі |
| | | Көрсетілетін қызметті алушының Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар | көрсету тәртібі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді. |

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
7-қосымша

## "Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www. egov. kz " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 14 (он төрт) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған). |
| 5 | | Инвестициялық субсидиялау шартын жасасу не мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | қызмет көрсетуден уәжді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | Порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9:00-ден 17:30-ға дейін, түскі үзіліспен сағат 13: 00-ден 14:30-ға дейін. |
| | | Пайдалануға тапсырылмаған инвестициялық жобалар бойынша көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған, "PDF (Portable Document Format)" форматында ( көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылған және мөрімен (бар болса) куәландырылған қағаз көшірмесі) қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық өтінімді береді.<br>Пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша, сондай-ақ нақты сатып алынған техника, машиналар мен жабдықтар бойынша көрсетілетін қызметті алушы өтінімде көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ |

| | | |
|---|---|---|
| | | қойылған электрондық өтінімді " PDF (Portable Document Format)" форматында (қол қойылған және мөрмен расталған (бар болса) сканерленген көшірмесі) көрсетілетін қызметті алушының қағаз нұсқасы) береді. Екінші кезеңде (жұмыстар аяқталғаннан кейін) көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу жөніндегі субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, "PDF (Portable Document Format)" форматында ( көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылған және мөрімен (бар болса) куәландырылған қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі) инвестициялық субсидиялауға екінші кезеңнің электрондық өтінімін береді. Өтінімге мынадай растайтын, құқық белгілейтін және (немесе) тіркеу құжаттары қоса беріледі: 1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15141 болып тіркелген) бекітілген объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысанына (бұдан әрі – объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысаны) сәйкес, сондай-ақ " Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан | – Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң) 73-бабының 2-тармағына сәйкес инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің ( жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде) немесе іске қосу кешенін немесе инвестициялық жобаның кезегін пайдалануға беру актісінің ( Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген жағдайлар бойынша) көшірмелері; Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15141 болып тіркелген) бекітілген объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысанына (бұдан әрі – объектіні пайдалануға қабылдау актісі нысаны) сәйкес, сондай-ақ " Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң) 73-бабының 2-тармағына сәйкес инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің ( жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде) немесе іске қосу кешенін немесе инвестициялық жобаның кезегін пайдалануға беру актісінің ( Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген жағдайлар бойынша) көшірмесі;<br>2) сатып алушы мен жеткізуші ( жабдықтар сатып алу кезінде) арасындағы жабдықтарды пайдалануға енгізу актісінің көшірмесі;<br>3) жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдарды растайтын, сатып алынған |

| | | |
|---|---|---|
| | талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу-сату шарттарының, электрондық және/немесе қағаз түріндегі шот-фактуралардың, төленген төлемді растайтын құжаттардың көшірмелері;<br>4) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 60-бабына және 9-1-тарауына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттама көшірмелері (жобалау-сметалық құжаттамасына сәйкес субсидиялау көзделген жобалар паспорттары бойынша);<br>5) ауыл шаруашылығы техникасын, арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды қабылдап алу-беру актілерінің көшірмелері;<br>6) техниканы, машинаны және ( немесе) жабдықты өндіруші паспортының, сәйкестік сертификатының немесе техникаға, машинаға немесе жабдыққа сәйкестік туралы декларацияның көшірмелері;<br>7) қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар жүзеге асырылған жағдайда қаржы институты растаған кредиттік / лизингтік шарттар көшірмелері;<br>8) Қағидалардың 17-тармағының 2 ) тармақшасына сәйкес екінші траншты алуға өтінім берілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі) растайтын құжаттарды (бизнес-жоспар, дайын өнімді өткізу жөніндегі электрондық шот-фактуралар) қоса береді. Бизнес-жоспарда мәлімделген өндірілген өнім көлемін растау үшін мамандар тобы, дара кәсіпкерлерді қоспағанда, құжаттардың негізінде, сондай-ақ екінші кезеңде инвестордың ( көрсетілетін қызметті алушының) өтінім берген сәтінің алдындағы |

| | | |
|---|---|---|
| | | тоқсан үшін инвестордың ( көрсетілетін қызметті алушының) "Өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 15 қарашадағы № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16060 болып тіркелген) бекітілген " Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру туралы есебі" ( коды 151103128, индексі 1-П, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына (бұдан әрі – өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысаны мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтар) сәйкес дайындалатын өндірілген өнім көлемі кемінде 30 (отыз) %-ға жеткені туралы қарап-тексеру актісін жасайды;<br>9) ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесі ( ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрған АӨК субъектілері үшін);<br>10) "Инвестициялар және құрылыс статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 16 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19994 болып тіркелген) бекітілген "Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп" ( индексі 1-инвест, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| | | статистикалық байқаудың статистикалық нысанының көшірмелері.<br>Субсидияларды қаржы институтының арнайы шотына аудару тетігін қолдануға арналған өтінімді аванстық төлеммен Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес береді.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар | Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www. gov. kz<br>интернет-ресурсында орналасқан.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77 77. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді. |

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша
Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына
5-қосымша

## "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | | құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап: |

| | | |
|---|---|---|
| | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | порталда – 10 (он) жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияда – 15 ( он бес) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17741 болып тіркелген) бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия аудару туралы хабарлама не Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық және қағаз түрінде. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| | | 1) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>2) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.<br>Мемлекеттік қызмет "электрондық" кезек тәртібімен, қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) орналасқан жері ( заңды мекенжайы) бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;<br>3) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz, интернет-ресурсындағы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған. |
| | | порталға:<br>қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) және қаржы институтының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныс.<br>Қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіндегі "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсету үшін сұранымның қабылдағаны туралы тиісті мәртебе ұсыныстың қабылданғанын растау болып табылады; Мемлекеттік корпорацияға (заңды тұлға үшін өкілеттігін растайтын сенімхат бойынша, жеке тұлға үшін нотариалды куәландырылған сенімхат немесе оның өкілеттігін растайтын өзге де құжат бойынша өкіл жүгінген жағдайда): 1) өтеу графигімен қарыз шартының көшірмесін қоса бере отырып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныстар; 2) сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын немесе субсидияланбайтын бөліктерінің есептемелері бар жаңартылған өтеу графигінің жобасы (субсидияланатын немесе субсидияланбайтын бөліктерінің есептемелерімен мөлшерлемелер жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) жіберіледі); 3) қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) кредит алғаны туралы несие шотынан үзінді көшірме (екінші деңгейдегі банктер үшін) немесе қарыз аударылғанын/лизинг нысанасының берілгенін растайтын құжат. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі | |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы; 2) қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі. |
| | | Қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) электрондық цифрлық қолтаңбасы болған |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар | жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар. Қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) порталдағы " жеке кабинет" арқылы немесе мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77 77. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді. |

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне
8-қосымша
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

## Субсидиялау бағыттары мен нормативтерінің тізбесі

| Р/с № | Субсидиялау бағыты | Өлшем бірлігі | 1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге |
|---|---|---|---|
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу : | | |
| 1.1 | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы | | 10 000 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1.2 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | Бас/шағылыстыру маусымы | 15 000 |
| 2. | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу | Бас/шағылыстыру маусымы | 100 000 |
| 3. | Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу: | Сатып алынған бас | 150 000 |
| 4. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | Сатып алынған бас | |
| 4.1 | Отандық | | 150 000 |
| 4.2 | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған | | 225 000 |
| 4.3 | Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған | | 300 000 |
| 5. | Ірі қара малдың тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін импортталған аналық басын сатып алу | | 150 000 |
| 6. | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату | Тірідей салмағы, килограмм | 200 |
| 7. | Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату | Өндірілген сиыр етінің килограмы | 175 |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу | | |
| 1.1 | Бір жынысты | Сатып алынған доза | 10 000 |
| 1.2 | Қос жынысты | | 5 000 |
| 2. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу: | Сатып алынған бас | |
| 2.1 | отандық | | 200 000 |
| 2.2 | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған | | 225 000 |
| 2.3 | Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған | | 400 000 |
| 3. | Сүт өндіру құнын арзандату | | |
| 3.1 | Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық | Өткізілген немесе өңделген килограмм | 45 |
| 3.2 | Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық | | 30 |
| 3.3 | Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық | | 20 |
| 3.4 | Ауыл шаруашылығы кооперативі | | 20 |
| 4. | Ірі қара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату | Дана | 80 000 |
| 5. | Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерік орталықтарды субсидиялау | Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас | 5 000 |
| Етті құс шаруашылығы | | | |
| | Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | тұқымды тәуліктік балапан сатып алу | Сатып алынған бас | 600 |
| 2. | Құс етін өндіру құнын арзандату | | |
| 2.1 | 15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | Өткізілген килограмм | 80 |
| 2.2 | 10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | | 70 |
| 2.3 | 5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс | | 60 |
| 2.4 | 500 тоннадан басталатын нақты өндіріс | | 50 |
| 3. | Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату | | |
| 4. | Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату | | 40 |
| Жұмыртқалы құс шаруашылығы | | | |
| 1. | Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу | Сатып алынған бас | 60 |
| 2. | Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5 миллион данадан басталатын нақты өндіріс (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады ) | Өткізілген дана | 3 |
| Қой шаруашылығы | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | | |
| 1.1 | Қойлардың асыл тұқымды аналық басы | Бас/ шағылыстыру маусымы | 4 000 |
| 1.2 | Қойлардың тауарлық аналық басы | | 2 500 |
| 2. | Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу | Сатып алынған бас | 15 000 |
| 2.1 | Импортталған асыл тұқымды аналық қойларды сатып алу | | 30 000 |
| 2.2 | Импортталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу | | 150 000 |
| 3. | Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу | Бас/шағылыстыру маусымы | 10 000 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек დарақтарының құнын арзандату | Өткізілген бас | 3 000 |
| 5. | Қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату | Дана | 80 000 |
| 6. | Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау | Ұрықтандырылған бас/ шағылыстыру маусымы | 1 500 |
| Жылқы шаруашылығы | | | |
| 1. | Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу | Сатып алынған бас | 100 000 |
| Түйе шаруашылығы | | | |
| 1. | Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу | Сатып алынған бас | 100 000 |
| Шошқа шаруашылығы | | | |
| 1. | Асыл тұқымды шошқалар сатып алу | Сатып алынған бас | 140 000 |
| 2. | Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу | Бас/ шағылыстыру маусымы | 40 000 |
| Жергілікті бюджет қаражаты есебінен: | | | |
| 1. | Маралдардың ( бұғылардың) аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | Бас/шағылыстыру маусымы | 10 000 |
| 2. | Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | Балара ұясы/маусым | 5 000 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату | Бас | |
| 4. | Ешкілердің асыл тұқымды аналық басын сатып алу | Сатып алынған бас | 40 000 |
| 5. | Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату | Килограм | 60 |
| 6. | Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату | Килограм | 55Жүктеу |

Ескертпе:

Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды, ірі қара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативтерге сәйкес субсидияланады, ал бекітілген нормативтен сатып алу құнының жартысы асып кеткен жағдайда, субсидиялау сатып алу құнының 50% - ына тең мөлшерде жүзеге асырылады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/тұқымдық қошқарларды тауарлық табынға/отарға одан әрі жалға беру кезінде өтінім беруші етті мал шаруашылығындағы/қой шаруашылығындағы оператор болып табылады. Аналық мал басына арақатынасты есептеу бір тұқымдық аталыққа (асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарды қоспағанда) кемінде 13 аналық басты құрайды және 25 аналық мал басынан аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық айғырлар мен тұқымдық түйелерді сатып алу аналық мал басы бар болған кезде субсидияланады. Аналық мал басының арақатынасын есептеу бір тұқымдық аталыққа кемінде 8 аналық басты құрайды және 15 аналықтан аспайды.

Уәкілетті орган СМАЖ жұмысының алгоритмін әзірлейді және оны СМАЖ-да және САТЖАҚ-да орналастырады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне
9-қосымша
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін

және өнім сапасын арттыруды
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

# Субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушілерге қойылатын өлшемшарттар

| Р/с № | Субсидиялау бағыты | Өлшемшарттар | СМАЖ-да субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі | Өтінімді беру мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да барлық мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | |
| | | 1. Өсімді молайтуда асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай талаптарға сәйкес пайдалану:<br>1) жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық бұқа;<br>2) шағылыстыру маусымын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.1 | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы | қатарынан екі реттен артық пайдаланбау;<br>3) жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айдан кем болмауы;<br>4) бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған.<br>2. Төлдің туыу 65%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-та тіркеу және анасына бекіту (өтінім берілген сәтке дейін кемінде 12 ай бұрын САТЖАҚ-та алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда). Шаруашылықтың есепке алу нөмірі – бар болса.<br>3. Ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі. | САТЖАҚ-пен | ағымдағы жылғы 15 сәуірден 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | интеграцияланған өзара іс-қимыл | |
| 1.2 | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы | 1) аналық баста тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;<br>2) өсімді молайтуда бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай шарттарға сәйкес пайдалану:<br>- жиырма бес аналық басқа кемінде бір тұқымдық бұқа, ағымдағы жылғы 1 маусымға жасы 12 айдан кем емес немесе аналық басты асыл тұқымды тұқымдық бұқаның ұрығымен қолдан ұрықтандыру;<br>3) төлдің тууы 75%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-та тіркеу және анасына бекіту (өтінім берілген сәтке дейін кемінде 12 айдан аз уақыт ішінде САТЖАҚ-та мал басын алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда);<br>4) ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі; | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл; | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 5) мал басында сәйкестендірудің электрондық тәсілдерінің болуы ( 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап). | | желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |
| | | 1) өтінімді берген сәтте пайдаланылатын тұқымдық бұқаның САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуінің болуы және деректерінің сәйкестігі;<br>2) етті мал шаруашылығындағы операторда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына ( бұдан әрі – Қағидалар) 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға үміткер тауар өндіруші инфрақұрылымының сәйкестігіне арнайы комиссияның оң қорытындысы бар бордақылау алаңының есептік | | ағымдағы жылғы 15 сәуірден 20 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу | нөмірінің және сертификатының болуы;<br>3) етті мал шаруашылығындағы оператордың шаруашылықпен/ ауыл шаруашылығы кооперативімен жасалған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды жалдау шартының ( бордақылау алаңы қуатының 30%-нан аспайтындай есеппен асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды тарату) немесе осы өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан қалыптастырылған қоғамдық табынға асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекітіп беру және пайдалану жөніндегі елді мекен тұрғындары-мал иелерінің жиыны хаттамасының болуы;<br>4) асыл тұқымды бұқаларды жалға беру және асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай нормативтерге сәйкес пайдалану: жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық бұқа есебінен (асыл тұқымдық мәртебесі жоқ аналық бас есепке алынады); | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ағымдағы жылдың 1 маусымына жасы 12 айдан кем болмауы; қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау. | | |
| 3. | Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі; 2) тауар өндірушіде (етті мал шаруашылығындағы операторларды қоспағанда) өзінің аналық басының болуы; 3) мал басында тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы; 4) сатып алынған мал басының жасы сатып алу сәтінде (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте): қашарлар - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда); құнажындар - 13 айдан 26 айға дейін (қоса алғанда); бұқашықтар - 26 айға дейін (қоса алғанда); 5) өсімді молайту мақсатында сатып | | |
| 4. | Ірі қара малдың асыл тұқымды | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аналық басын сатып алу | алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл;<br>6) сатып алынған асыл тұқымды бұқаларды тауарлық немесе асыл тұқымды табынға пайдалануға қою ( тауарлық табында пайдалану кезінде асыл тұқымды мәртебесі жоқ аналық бас ескеріледі; асыл тұқымды табында пайдалану кезінде асыл тұқымды аналық бас ескеріледі). | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| 5. | Тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) экспорттық сертификаттың немесе асыл тұқымды бұқа карточкасының және асыл тұқымды сиыр/қашар карточкасының немесе асыл тұқымды куәліктің болуы;<br>3) сатушыдан ( экспорттаушыдан) карантинге қойылған кездегі сатып алынған аналық мал басының жасы 6 айдан 27 айға дейін қоса алғанда аспайды; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 4) өсімді молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл;<br>5) тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата ұсынған бонитер берген бағалау ведомосі бар қорытындының болуы. | | |
| 6. | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал соятын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының ( оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтардың тіркелуінің болуы және мәліметтердің сәйкестігі;<br>2) бордақылау алаңына өткізілген немесе орны ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының тірідей салмағы 200 -ден 300 килограмға дейін, ет өңдеуші кәсіпорынға – 400-ден 450 килограмға дейін;<br>3) ірі қара малдың еркек дарақтарының жасы 7-ден 18 айға дейін (қоса алғанда) ;<br>4) бордақылау алаңдарына немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы; | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім өткізілген немесе орны ауыстырылғаннан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 5) өткізілетін немесе орны ауыстырылатын бұқашықтар аналарына бекітіліп, асыл тұқымды аталықтан немесе асыл тұқымды аналықтан туылуы тиіс. | | бастап алты айдың ішінде беріледі) |
| 7. | Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату | Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорынға арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы, онда:<br>1) жобалық қуаты тәулігіне кемінде 1500 бас болатын ірі қара малды соятын және етін сүйектен ажырататын өз жабдығының болуы ;<br>2) сойылған ірі қара малдың қалдықтарын кәдеге жарататын өз жүйесінің болуы;<br>3) халықаралық сапа стандартына ( халықаралық аудитпен, тиісті сертификатпен расталған) сәйкес болуы. | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім өткізілген өнім үшін төлем алынған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі) |
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы | | | | |
| 1. | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу | 1) аналық мал басында тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;<br>2) тұқымдық бұқалар ұрығының асыл тұқымдық құндылығы индекстерінің: асыл тұқымдық | | |
| 1.1 | Бір жынысты | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.2 | Қос жынысты | сапаларының кешенді индексі, бағалаудың сенімділігі, сүт сауымы, тоңмай, өнімді тіршілік ету кезеңі, төлдеу жеңілдігі, ұрықтылығы, соматикалық жасушалардың құрамы болуы;<br>3) сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығына Республикалық палата берген электронды асыл тұқымды куәліктің болуы;<br>4) қажеттілік нормасы (бір басқа екі доза есебінен);<br>5) мал басында сәйкестендірудің электрондық тәсілдерінің болуы ( 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап);<br>6) төлдің тууы 75%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-та тіркеу және анасына бекіту (өтінім берілген сәтке дейін кемінде 12 айдан аз уақыт ішінде САТЖАҚ-та мал басын алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда). | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| | | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) аналық мал басында тиісті тұқым жөніндегі | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу | республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;<br>3) сатып алынған мал басының жасы сатып алу сәтінде ( ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда ( экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте):<br>қашарлар - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда);<br>құнажындар - 13 айдан 26 айға дейін (қоса алғанда);<br>4) өсімді молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| 3. | Сүт өндіру құнын арзандату: | өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелген болуы және деректердің сәйкестігі (ауыл шаруашылығы кооперативтерін қоспағанда). | | |
| | | 1) әр сиырдан май, ақуыз және соматикалық жасушалар көрсеткіштері бойынша сауылымға зоотехникалық | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.1 | Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық | бақылау жүргізу үшін ай сайын сүт сынамаларын іріктеудің болуы ( аккредиттелген зертханаларда);<br>2) азықты жыл сайынғы зоотехникалық талдау;<br>3) пайдалануға берілген немесе тиісті инфрақұрылыммен жаңғыртудан өткен, сиырларды байламай ұстауға арналған қора-жайы, автоматтандырылған сауу қондырғысы бар, сауу залы ( карусель, шырша, параллель, тандем, роботталған машина), азықтық цехтары, ветеринариялық пункты бар тауарлық сүт фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы. | | |
| | | 1) әр сиырдан май, ақуыз және соматикалық жасушалар көрсеткіштері бойынша сауылымға зоотехникалық бақылау жүргізу үшін ай сайын сүт сынамаларын іріктеудің болуы ( аккредиттелген зертханаларда);<br>2) азықты жыл сайынғы зоотехникалық талдау; | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім өткізілген |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.2 | Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық | 3) пайдалануға берілген немесе тиісті инфрақұрылыммен жаңғыртудан өткен, тасымалданатын сауу қондырғыларын қоса алғанда, автоматтандырылған немесе машинамен саууға арналған жабдығы, азықтық цехтары, ветеринариялық пункті бар тауарлық сүт фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы. | интеграцияланған өзара іс-қимыл | өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі) |
| 3.3 | Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық | 1) әр сиырдан май, ақуыз және соматикалық жасушалар көрсеткіштері бойынша сауылымға зоотехникалық бақылау жүргізу үшін ай сайын сүт сынамаларын іріктеудің ( аккредиттелген зертханаларда) болуы;<br>2) тасымалданатын сауу қондырғыларын қоса алғанда, машина сауууға арналған жабдығы, сиырларды күтіп-бағуға арналған қора-жай; тасымалды сауу қондырғысын қоса алғанда, машинамен сауу; ветеринариялық препараттарды сақтау орны, малға арналған бекіткіші бар тауарлық сүт | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | фермасына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы. | | |
| 3.4 | Ауыл шаруашылығы кооперативі | 1) жеке сүт қабылдау пунктінің болуы немесе сүт өңдеу зауытынан 100 километрге (қоса алғанда) дейінгі қашықтық болғанда меншікті/жалға алынған сүт тасығыштың болуы;<br>2) дайындалған сүтті сүт өңдеуші кәсіпорынға өткізу. | | |
| 4. | Ірі қара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату | 1) эмбрионның асыл тұқымды құндылық индекстерінің: асыл тұқымдық сапасының кешенді индексі, бағалаудың сенімділігі, сүт сауымы, тоңмай, өнімді тіршілік ету кезеңі, төлдеу жеңілдігі, ұрықтылығы, соматикалық жасушалардың құрамы;<br>2) эмбрионға асыл тұқымды куәліктің (сертификаттың) болуы. | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |
| | Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл | 1) субсидия алуға арналған өтінімде көрсетілген аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелген болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын сүтті және сүтті-етті | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. | шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау | тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаның ұрығымен қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша шарттың болуы;<br>3) осы өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша шаруа (фермер) қожалықтарында ірі қара малдың аналық басын ұрықтандыру және зерттеп-қарау туралы актінің болуы;<br>4) асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың таңбаланған ұрығына Республикалық палата берген асыл тұқымдық куәліктің болуы. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |
| Етті құс шаруашылығы | | | | |
| 1. | Ата-енелік/ ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу | 1) өтінімді берген сәтте асыл тұқымды тәуліктік балапанның САТЖАҚ-та тіркелген болуы;<br>2) Республикалық палата берген асыл тұқымды мәртебенің болуы. | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| 2. | Құс етін өндіру құнын арзандату | 1) жылына 500 тонна құс етінің нақты өндірісі (қызметін 12 айдан аз уақыт жүзеге асыратын тауар өндірушілер үшін өндірістің нақты көлемі қызмет кезеңіне айларға бөлінген және 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату | нақты мәлімделген көлеміне сүйене отырып анықталады ); 2) жаңадан салынған немесе технологиялық жабдық бойынша жаңғыртудан өткен (құстарды күтіп-бағуға арналған жабдық, азықтандырудың, сумен жабдықтаудың, желдетудің автоматтандырылған жүйесі, құс сою желісі (сою цехы)) құс фабрикасына берілген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы; 3) санамаланған сертификаттардың ( ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы. | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі) |
| 4. | Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату | 1) жылына 20 тонна құс етінің нақты өндірісі (қызметін 12 айдан аз уақыт жүзеге асыратын тауар өндірушілер үшін өндірістің нақты көлемі қызмет кезеңіне айларға бөлінген және 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің нақты мәлімделген көлеміне сүйене отырып анықталады ); 2) құстарды күтіп-бағуға арналған қора-жайы , союға арналған жабдығы бар құс фабрикасына берілген арнайы | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | комиссияның оң қорытындысының болуы;<br>3) санамаланған сертификаттардың ( ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы. | | алты айдың ішінде беріледі) |
| Жұмыртқалы құс шаруашылығы | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу | Импорт кезінде: финалдық нысандағы тәуліктік балапанға асыл тұқымды куәліктің ( сертификаттың) және/немесе финалдық нысандағы тәуліктік балапан алынған ата-енелеріне асыл тұқымдық куәліктің (сертификаттың) және Республикалық палатада тіркелген болуы;<br>Елдің ішінде сатып алғанда: өтінім берген сәтте финалдық нысандағы тәуліктік балапанның ата-енелерінің Республикалық палатада тіркелген болуы. | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| | | 1) тағамдық жұмыртқаның нақты өндірісі жылына 5 миллион данадан бастап ( қызметін 12 айдан аз уақыт жүзеге асырып келе жатқан тауар өндірушілер үшін қызмет кезеңі айларға бөлініп, 12 айға көбейтілген өндірілген өнімнің нақты мәлімделген | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5 миллион данадан басталатын нақты өндіріс | көлеміне сүйене отырып айқындалады);<br>2) жаңадан салынған немесе технологиялық жабдықтау бойынша жаңғыртудан өткен (құстарды күтіп-бағуға арналған жабдықтар, азықтандырудың, сумен жабдықтаудың, желдетудің автоматтандырылған жүйесі, жұмыртқаларды сұрыптауға арналған автоматты машина) инфрақұрылымы бар құс фабрикасына берілген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы;<br>3) санамаланған сертификаттардың (ИСО, ХАССП азық-түлік қауіпсіздігі жүйесі) бірінің болуы. | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі) |
| Қой шаруашылығы | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу: | Өтінімді берген сәтте барлық мал басын САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | |
| | | 1) аналық баста Республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;<br>2) аналық басты асыл тұқымды тұқымдық қошқарлармен (меншікті немесе | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.1 | Қойлардың асыл тұқымды аналық басы | жалға алу шартымен) мынадай шарттарға сәйкес ұрықтандыру: қолдан шағылыстыру кезінде жиырма бес аналық басқа кемінде бір тұқымдық қошқар және / немесе үш жүз аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық қошқар не жасанды ұрықтандыру кезінде асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың мұздатылған тұқымын пайдалану; қолмен шағылыстыру кезінде тұқымдық қошқарды қатарынан кемінде екі шағылыстыру маусымында, жасанды ұрықтандыру кезінде - бес жылдан артық емес пайдалану;<br>3) төлдің тууы 75%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-та тіркеу және анасына бекіту ((өтінім беру сәтіне дейін 12 айдан аз уақыт ішінде САТЖАҚ-та мал басын алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда);<br>4) ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері | САТЖАҚ-пен | ағымдағы жылғы 1 тамыздан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | туралы мәліметтермен сәйкестігі;<br>5) мал басында сәйкестендірудің электрондық тәсілдерінің болуы ( 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап) | интеграцияланған өзара іс-қимыл | |
| 1.2 | Қойлардың тауарлық аналық басы | 1) мынадай талаптарға сәйкес аналық басты ұрықтандыру және ( немесе) өсімін молайтуда пайдалану және бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлармен ( өзінің қошқарларын немесе жалға алу шарттарында) ауыстыру: еркін шағылыстыру кезінде жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық қошқар және/немесе үш жүз аналық басқа кемінде бір тұқымдық қошқар не қолдан ұрықтандыру кезінде асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың мұздатылған тұқымымен; асыл тұқымды тұқымдық қошқарды еркін шағылыстыру кезінде тұқымдық қошқарды қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау және асыл тұқымды орталықтардың қолдан | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 1 тамыздан 20 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұрықтандыруы кезінде бес жылдан артық пайдаланбау;<br>2) асыл тұқымды тұқымдық қошқарлардың жасы ағымдағы жылдың 1 қазанына 12 айдан кем болмауы;<br>3) төлдің тууы 65%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-та тіркеу және анасына бекіту (өтінім берілген сәтке дейін 12 айдан кем уақыт ішінде САТЖАҚ-та мал басын алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда). Шаруашылықтың есепке алу нөмірі – бар болса;<br>4) ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі. | | желтоқсанға (қоса алғанда) дейін | |
| | | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) сатып алынған мал басының жасы ( ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда ( | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Асыл тұқымды қойларды сатып алу | экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте): тұқымдық қошқарлар - 5 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда); қойлардың аналық басы - 5 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда); 3) өсімін молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| 3. | Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдалынылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу | 1) операторда тауарлық шаруашылықпен жасалған асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды отарға жалға беру шартының болуы; 2) өтінімді берген сәтте тұқымдық қошқардың САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі; 3) аталған отарда асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау; 4) еркін шағылыстыру кезінде жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық қошқардың болуы. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |
| | | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген немесе орны ауыстырылған ұсақ малдың еркек даралтарының құнын арзандату | өткізілген немесе орны ауыстырылған ұсақ малдың еркек дарақтарының тіркелуі және мәліметтердің сәйкестігі;<br>2) бордақылау алаңдарына өткізілетін немесе орны ауыстырылатын ұсақ малдың еркек дарақтарының жасы 4 айдан 12 айға дейін қоса есептегенде;<br>3) бордақылау алаңдарына өткізілген немесе орны ауыстырылған ұсақ малдың еркек дарақтарының тірідей салмағы 25 килограмнан, ет өңдеуші кәсіпорнына - 30 килограмнан басталады;<br>4) бордақылау алаңына немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына берген арнайы комиссияның оң қорытындысының болуы. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім өткізілген немесе орнын ауыстырған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі) |
| 5. | Қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату | 1) донор ретінде пайдаланатын асыл тұқымды малда өз өнімділігі бойынша бағаның болуы;<br>2) эмбрионға асыл тұқымдық куәліктің (сертификаттың) болуы. | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |
| | | 1) субсидияларды алуға арналған өтінімде көрсетілген аналық мал басының | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6. | Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық бастарын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау | САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуінің болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2 ) шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық бастарын қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша шарттың болуы;<br>3 ) осы өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес 2 -нысан бойынша қойлардың аналық бастарын ұрықтандыру туралы актінің болуы;<br>4) өз өнімділігі бойынша бағаланған ( бонитирлеу) асыл тұқымды тұқымдық қошқардың болуы;<br>5) асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды пайдалану бес жылдан аспайды. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |
| Жылқы шаруашылығы | | | | |
| | | 1) өтінім берілген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің және деректердің сәйкес болуы;<br>2) сатып алынған мал басының жасы ( ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған | | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырларды сатып алу | жағдайда - малды сатушыда ( экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте) - 18 айдан 60 айға дейін (қоса алғанда);<br>3) өсімді молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды тұқымдық айғырды өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде кемінде екі жыл пайдалану. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | алғанда) дейін ( өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| Түйе шаруашылығы | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды тұқымдық түйелерді сатып алу | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) сатып алынған малдың жасы (елдің ішінен сатып алған кезде - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде, импорттаған кезде - малды сатушыда ( экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте) - 12 айдан 60 айға дейін (қоса алғанда);<br>3) өсімді молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды тұқымдық түйені өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде кемінде екі жыл пайдалану. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| Шошқа шаруашылығы | | | | |
| | | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Асыл тұқымды шошқаларды сатып алу | алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) сатып алынған жануар басының жасы: ел ішінен сатып алынған жағдайда асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде - 3 айдан 12 айға дейін (қоса алғанда);<br>импорт кезінде жануарды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте - 1 айдан 12 айға дейін (қоса алғанда);<br>3) өсімді молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық басын пайдалану - кемінде екі жыл. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін (өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| 2. | Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және | 1) өтінімді берген сәтте барлық мал басын, сол сияқты кемінде 50 бас мегежінді САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) өсімді молайтуда аналық және шошқа басын толықтыратын басты қолдан ұрықтандыруда пайдалану немесе зоотехникалық нормативтерге сәйкес асыл тұқымды тұқымдық еркек шошқаларды қолдан шағылыстыру кезінде елу басқа кемінде бір тұқымдық еркек | 1) және 3) САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл<br>2) САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу | шошқаны немесе қолдан ұрықтандыру кезінде екі жүз басқа кемінде бір тұқымдық еркек шошқаны пайдалану;<br>3) тұқымдық еркек шошқаларды қатарынан екі жылдан артық пайдаланбау;<br>4) мал басында сәйкестендірудің электрондық тәсілдерінің болуы ( 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап). | интеграцияланған өзара іс-қимыл | |
| Жергілікті бюджеттен бөлінген бюджет қаражаты есебінен: | | | | |
| 1. | Маралдардың ( бұғылардың) аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | 1) өтінімді берген сәтте мал басын САТЖАҚ-та және Республикалық палатада тіркеудің болуы;<br>2) аталықтардың жасы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне 36 айдан кем болмауы;<br>3) отыз аналық басқа кемінде бір тұқымдық аталық;<br>4) тұқымдық аталықты қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау. | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен 1 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |
| | | 1) САТЖАҚ-та кемінде 10 балара ұясының тіркелуі және болуы және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6334 болып тіркелген) бекітілген есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары жөніндегі статистикалық әдіснаманың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шаруа немесе фермер қожалықтарын есепке алу дәптерінен алынған скриншот көшірмесінің және/немесе өтінім берілген сәтке Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 10 ақпандағы № 21 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20030 болып тіркелген) бекітілген "Мал шаруашылығының жай-күйі туралы есеп" (индексі 24-аш, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанынан үзінді көшірменің СМАЖ-да орналастырылуы;<br>2) бейіндік ғылыми-зерттеу | САТЖАҚ-пен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қыркүйектен 20 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ұйымы бекіткен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жоспарының болуы және СМАЖ-да орналастырылуы;<br>3) асыл тұқымды балара ұясын Республикалық палатада тіркеу;<br>4) балараларды шаруашылықта пайдаланудың орташа ұзақтығы 3 жылдан аспайды. | | желтоқсанға (қоса алғанда) дейін |
| 3. | Ешкілердің асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) сатып алынған мал басының жасы ( ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда ( экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте) ешкілердің басы - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда);<br>3) өсімді молайту мақсатында сатып алынған асыл тұқымды аналық мал басын өлім-жітімнің зоотехникалық нормасы шегінде пайдалану - кемінде екі жыл. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім сатып алған сәттен бастап он екі айдың ішінде беріледі) |
| | | 1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-та және АЖБ-да аналық мал басын | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. | Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату | тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) өтінім берген сәтте үш жастан асқан кемінде 30 бас меншікті аналық мал басының болуы;<br>3) сүтті сүт өңдеу кәсіпорындарына немесе есепке алу нөмірі бар сүт өңдеу цехына өткізу;<br>4) бие сүтінің жылдық өндіріс көлемі сауылатын биенің 1 басына 750 килограмнан аспауы тиіс. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі) |
| 5. | Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату | 1) өтінімді берген сәтте аналық мал басын тіркеудің САТЖАҚ-та және АЖБ-да болуы және деректердің сәйкестігі;<br>2) үш жастан асқан кемінде 30 бас меншікті аналық мал басының болуы ;<br>3) сүтті сүт өңдеу кәсіпорындарына немесе есепке алу нөмірі бар сүт өңдеу цехына өткізу;<br>4) түйе сүтінің жылдық өндіріс көлемі сауылатын інгеннің 1 басына 1500 килограммнан аспауы тиіс. | САТЖАҚ-пен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл | ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін ( өтінім өткізілген өнімге төлемді алған сәттен бастап алты айдың ішінде беріледі) Жүктеу |

Ескертпе:

Жануарларды күнтізбелік жыл ішінде сатып алған кезде ауыл шаруашылығы жануарларының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар сомасының есебі жануарларды АЖБ-да тіркеген сәттен бастап жүзеге асырылады .

Тиісті тұқым жөніндегі республикалық палаталар тауар өндірушілерге тауарлық және жалпы табында жалға берілген асыл тұқымды тұқымдық

бұқалардың іс жүзінде бар-жоғына ішінара мониторинг жүргізеді. Асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың болмау фактісі анықталған жағдайда, бұзушылықты анықтау туралы еркін формадағы акт жасалады, ол арнайы комиссияға жіберіледі. Акт негізінде арнайы комиссия етті мал шаруашылығындағы оператордан қорытындыны кері қайтарып алады.

Субсидия алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Мыналар субсидиялауға жатпайды:

1) сатып алу кезінде құнын арзандатуға бұрын субсидияланған, айырбас бойынша өзара есеп айырысу есебіне сатып алынған немесе өсімін молайту мақсаттары үшін пайдаланылмайтын жануарларды, асыл тұқымды өнімді ( материалды) сатып алу;

2) ағымдағы шағылыстыру маусымында селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізілгені үшін субсидиялау бағыты бойынша ағымдағы жылы субсидияланған ірі қара малдың, қойдың, маралдардың аналық басымен және балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс;

3) ағымдығы жылы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды күтіп-бағу бағыты бойынша субсидияланған, табындарда/отарларда өсімді молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқалар/асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар;

4) тауар өндірушілер ауыл шаруашылығы кооперативтерін қоспағанда, басқа жеке және заңды тұлғалардан одан әрі қайта сату және (немесе) өңдеу үшін сатып алған мал шаруашылығы өнімдері және ірі қара малдың/ұсақ малдың еркек даралтары;

5) тұқымдық түрлендіру нәтижесінде алынбаған, бордақылау алаңдарына бордақылауға және сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе орны ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтары (асыл тұқымды аналық малдан алынған ірі қара малдың еркек дарақтарын қоспағанда);

6) тұқымдық түрлендіру нәтижесінде алынбаған, бордақылау алаңдарына бордақылауға және сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе орны ауыстырылған ұсақ малдың еркек дарақтары (асыл тұқымды аналық малдан алынған ұсақ малдың еркек дарақтарын қоспағанда);

7) етті құс шаруашылығының жанама өнімдері – аяқтары, бастары, ішкі органдары;

8) қаптамасыз өткізілген өңделген сүт;

9) тауар өндірушілер, соңғы он екі айда асыл тұқымды мақсаттарға меншікті асыл тұқымды аналық мал басын сатқан жағдайда (өнімділіктің бір бағыты

шеңберінде), отандық асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

10) Қазақстан Республикасы аумағында орналаспаған сүт өңдеу кәсіпорнына өткізілген сүт;

11) өтінім берген сәтте шаруашылықтағы аналық мал басынан тумаған, бордақылау алаңдарына немесе ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе орны ауыстырылған ірі қара малдың/ұсақ малдың еркек дарақтары;

12) Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген Субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушілерге қойылатын өлшемшарттарға сәйкес САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелген мал басы туралы деректерінде (жануардың сәйкестендіру нөмірі, жынысы, тұқымы, туған күні) алшақтық бар және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері жоқ тауар өндірушілер;

13) өткен жылы жұмсалған және ағымдағы жылы бұрын субсидияланған ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындардың құнын арзандату. Егер азық дайындау кезінде жұмсалған шығындардың жиынтық сомасы мәлімделген субсидия сомасынан аз болса.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЖБ - ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор;

СМАЖ – субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі;

САТЖАҚ – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қоры;

ХАССП (ағылшын тілінен НАССР – Hazard Analysis and Critical Control Points) – тәуекелдерді және сыни бақылау нүктелерін талдау үшін әзірленген және қабылданған халықаралық стандарт;

ИСО (ағылшын тілінен ISO – International Standard for Organization) – стандарттау жөніндегі ұлттық ұйымдардың дүниежүзілік федерациясы әзірлеген және қабылдаған халықаралық стандарт.

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
10-қосымша
Асыл тұқымды мал
шаруашылығын дамытуды, мал
шаруашылығының өнімділігін
және өнім сапасын арттыруды
субсидиялау қағидаларына
4-қосымша

**"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www. egov. kz " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3. | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 2 (екі) жұмыс күні. |
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5. | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Субсидияларды алуға арналған өтінімді қарау нәтижелері туралы хабарлама не бас тарту туралы уәжді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында " жеке кабинетке" жіберіледі. |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тауар өндірушіден алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 7. | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (тауар өндіруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға |

| | | |
|---|---|---|
| | | дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.<br>Көрсетілетін қызметті берушілердің мекенжайлары:<br>1) www. gov. kz Министрліктің интернет-ресурсында;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында. |
